Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	"Елтаңбасы елімнің" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттер: еліміздің елтаңбасын ажыратуға үйрету. Педагог: - Балалар, қазір біз "Елтаңбасы елімнің" дидактикалық ойынын ойнаймыз. Ойынның шартын тыңдаңдар. Тақтадан көптеген белгілер көрсетіледі. Сендер еліміздің елтаңбасын көрген кезде "Қазақстан"	"Біздің ел" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттер: балалардың біздің Отанымыз, астанасы туралы білімдерін кеңейту. Барысы: педагог суреттерді көрсетеді және балаларға сұрақтар қояды. Балалардан сұрақтарға толық жауапты талап етеді. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)	Шаттық шеңбері Мақсат-міндеттер. Балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй мен ұйымдастырылған іс-әрекетіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу. Достарымның барлығын, Сыйлап, жақсы көремін. Алақаным арқылы Жылуымды беремін. (сөйлеуді	Шаттық шеңбері Мақсат-міндеттер. Балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй мен ұйымдастырылған іс-әрекетіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу. Армысыз, қайрымды Аспан ата! Армысыз, мейрімді Жер -	Шаттық шеңбері Патриоттық сезімді арттыруға, Отан туралы бейнефильм көрсету, таппақ жаттау, ән айту. (музыка, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру)

	деп айтасындар. Еліміздің елтаңбасы		дамыту)	Ана! Армысыз, шұғылалы	
--	---	--	---------	------------------------------	--

	қанша рет қайталанса, сендерсонша рет "Қазақстан" деп айтасыңдар. Педагог балаларменбірге ойынды қадағалап отырады, соңында жақсы ойнаған балаларға бәйтерек бейнеленген таңбалауыштар үлестіріледі. (қоршаған ортаментанысу, сөйлеуді дамыту)			Алтын - Күн! Қуан, шаттан алақай! (сөйлеуді дамыту)	
Мектепке дейінгіұйым кестесі бойынша ұйымдастырылғаніс-әрекет	Дене шынықтыру "Тәуелсіз елім" Мақсат-міндеттер. Балаларды сап түзеп бірінің артынан бірі арақашықтық сақтап,бағытты өзгертіп жүгіруге үйрету; сапқа өз еріктерімен тұру қабілетін жетілдіру; гимнастикалық орындықтың үстіменжүруге	Дене шынықтыру "Жайна елім менің!"Мақсат-міндеттер. Балаларда сап түзеп бірінің артынан бірі арақашықтық сақтап,бағытты өзгертіп жүгіру жаттығуын орындау; жүгіру кезінде балалардың бір-біріне соғылып қалмауы үшін	Музыка "Тәуелсіз елім" Мақсат-міндеттер. Балалардың ән арқылытуған жерге деген елжандылық сезімін қалыптастыру; әнді тыңдау кезінде эмоционалды қабылдайбілуге үйрету; ұжымда және дербес ән айту қабілетін жетілдіру; музыкадағы ырғақты сезіне білу қабілетін	Дене шынықтыру "Мен - чемпион". Мақсат-міндеттер. Балаларда бір-бірінен1,5–2 метр арақашықтықта отырып, аяқты алшақұстаған қалпында допты домалату, қақпадан асыра лақтыру, допты екі қолымен көкірек тұсынан кері, екі қолмен жоғары,	Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу "Қардың қасиеті". Мақсат-міндеттер. Балалардың қыс мезгілде табиғатты бақылау дағдыларын дамыту; қардың қасиетімен таныстыра отырып, қардың қасиеттері туралы білімдерін

	үйрету.	арақашықтық сақтап жүгіруге жаттықтыру			қалыптастыру;
--	---------	--	--	--	---------------

		және бір бағытта жүгіріп келе жатып, келесі бағытқа белгі бойынша тез ауысу дағдыларын жетілдіру.	дамыту; ән айтуда дем алу және дем шығару дағдысына жаттықтыру; музыка әуенімен бірге би қимылдарын еркін орындауға үйрету; музыкалық ойындарда сезімталдығы пен зейінін дамыту.	бастан асыра, жоғарыға, еденге (жерге) қарай төмен лақтыру, допты қағып алу машықтарын дамыту.	қардың қасиеттерін атай білуге үйрету
Серуенге дайындық	Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; шалбарын, бас киімі мен бәтеңкесін реттілікпен киюін қадағалау. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Серуен	Әуе көліктерін бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттер: әуе көлігі, оның қолданылуы және мақсаты туралы білімдерін кеңейту. Ересек адамдармен орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (қаржауғаннан кейін жолды тазарту.) (еңбек іс-әрекеті)	Құстарды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттер: құс әлемі туралы білімдерін бекіту; сипаттама бойынша құстарды тану іскерліктерін жетілдіру. Ересек адамдармен орындалатын	Қардағы құстардың іздерін бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттер: қыстайтын құстар туралы білімдерін кеңейту, қай құстың ізі екенін ажырату; байқағыштық пен зейінділікке тәрбиелеу. Ересек адамдармен орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (қардан төбешік	Қарғаны бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттер: қарғамен таныстыруды жалғастыру; оның тіршілік ету ортасы, сыртқы түрі, қоректенуі, көбеюі туралы білімдерін тереңдету; құстарға деген ізгілік сезімдерін, оларға	Қардың тереңдігін бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, математика негіздері) Бақылау: балалардың көңілін ауланың қай жерлерінде қалың қар жатқанына аудару, қардың қаншалықты терең екенін білуді ұсыну. Балаларға метрді көрсету және қардың әр

	Мақсат-міндеттер: бірлесіп жұмыс істеу	қарапайым еңбек тапсырмалары (қардан құрылыстар жасау). Мақсат-міндеттер:	жасау). Мақсат-міндеттер:	қамқорлық жасауға ұмтылуды тәрбиелеу. Ересек адамдармен	жердегі қалыңдығын өлшеу;
--	--	--	------------------------------	--	---------------------------------

	қабілетін бекіту, жұмыстың нәтижесіне қуану. Қимыл-қозғалыс ойындары: "Бұғының үлкен үйі бар". (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: қозғалысты мәтінмен байланыстыру қабілетін бекіту. Өзіндік еркін ойын әрекеттері: сызықтарарасында жүру (10-15см). (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: физикалық белсенділікті дамыту және жетілдіру.	педагогке қардан құрылыс жасауға көмектесуге үйрету; достық қарым-қатынасты дамыту. Қимыл-қозғалыс ойындары: "Екі аяз. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: мәтінге сәйкес қимыл-қозғалыс жасай білуге баулу. Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту: жылан секілді қозғалу. Мақсат-міндеттер: балаларды бірінің соңынан бірі тұрып "жылан" секілді қозғалуға үйрету.	еңбекке деген сүйіспеншілік пен достық қарым-қатынасты тәрбиелеу. Қимыл-қозғалыс ойындары: "Қарға - торғай". Мақсат-міндеттер: мұқият тыңдап, бұйрық бойынша әрекеттерді орындау; достық қарым-қатынасты дамыту. Өзіндік еркін ойын әрекеттері: бір кесек қармен нысанаға тигіз. Мақсат-міндеттер: лақтыру күшін дамыту.	орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (учаскедегі жолдарды қармен қоқыстардан тазарту). Мақсат-міндеттер: еңбексүйгіштікке, көпшілдікке тәрбиелеу, бірлесіп жұмыс істеуге үйрету. Қимыл-қозғалыс ойындары: "Қарғалар". (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: екі аяғымен секіруді, әртүрлі бағытта жүгіруді, мәтінді анық және дұрыс айтуды үйрету. Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту. (дене шынықтыру) Мақсат-	қалың қарды күрекпен қазып, қардың қалыңдығына назар аудару. Жұмбақ. Көктен түсіп көбейді, Ұқсайды өзі шекерге, Бірақ ешкім жемейді, Жерде жатыр бекерге. Ол не? (Қар). Қимылды ойын. «Ақша қарды ізде». (дене шынықтыру) Ептілікті, шапшандықты дамытатын, кеңістікті бағдарлауды қажет ететін, қимыл түрлерін өзгертіп отыратын ойындарға қызықтыру. Еңбек: гүлзарды жинастыруды ұйымдастыру. (еңбекіс-әрекеті) Қарды тоқтату жөніндегі пікірді қалыптастыру
--	--	---	---	---	--

				міндеттер: "жылан" секілді жүгіру іскерліктерін жетілдіру; қатарға	(қардытоқтатады, жел соққанда), қардан
--	--	--	--	---	---

				қойылған заттардыайнала жүгіруге машықтандыру.	кедергілер жасау, тәрбиешіге көмектесу. Тапсырманы орындау, бірлесіп атқарудың кішігірім тәсілдерін қалыптастыру. Өз бетімен ойындар: өз құрдастарымен 2-3 рөлден тұратын ойынойнағанда бірлесуге талаптандыру, рөлді бөлу, ойын тәртібін орындау, жалпы ойын шартына сәйкес әрекет ету.
Серуеннен оралу	Өз шкафын белгі бойынша тауып алуға, өз киімін өздігінен шешуге, өз қажеттері жайында айтуға машықтандыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				

Түскі ас	Тамақтану мәдениетін қалыптастыру: қасықты дұрыс ұстау, сорпаны төкпеу, нанды үгітпеу, майлықты дұрыс қолдану, тамақ ішкенде сөйлемей. Мақсат-міндеттер: өзін-өзі күту, тамақтану, арақатынасу мәдениеті негіздерін дамыту. Асты-шашпай төкпей іш, Сораптамай аппен іш. Келген асты алдына Тауысып іш қалдырма. Тәрбиеші балалардың үстел үстінде дұрыс отыруларын қадағалайды. (мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз, сөйлеуді дамыту)				
Түскі ұйқы	Балалардың тыныш ұйықтауына жайлы	Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп	Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе	Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп	Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп

	жағдай жасау. (мәдени-гигиеналық дағдылар)	(немесе арнайы сөреге) қоюды үйретуді жалғастыру. «Маса мен аңдар» ертегісін оқып беріп, балаларды ұйықтату. (көркем әдебиет)	арнайы сөреге) қоюды үйретуді жалғастыру. «Жер кіндігі» ертегісін тыңдату. (BilimKids медиа бөліміндегі ертегісі) (көркем әдебиет)	(немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Аудио Қ. Абдильдинаның әні «Айым болып тудыңба». (музыка)	(немесе арнайы сөреге) қоюды үйретуді жалғастыру. «Алтын қарыз» ертегісін тыңдату. (BilimKids медиа бөліміндегі ертегісі) (көркем әдебиет)
Біртіндеп ұйқыданояту, сауықтыру шаралары	Төсектегі жаттығулар. Ұйқыдан тұрғанда, бірден төсектен тұруға болмайды. Біртіндеп тұру қажет. 1. Балалар төсекте, арқаға жатып, қолын жанына созу, демдерін еркін шығару. 2. Балалар төсекте, арқаға жатып қолды екі жаққа созу, жұдырықтарын жұму, қолдарын алға созып айқастыру, демалу. 3. Балалар төсекте, арқаға жатып қолдарын бастарына қойып кезекпен сол аяқтарын, он аяқтарын көтеру, екеуін бірге ұстап, жайлап түсіру. 4. Балалар төсекте, арқаға жатып, қолдарын жанында ұстап, аяқтарын көтеріп велосипед тебу. Төсектен тұрғызу. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, дене шынықтыру)				
Бесін ас	Алдына қойған асқа назар аударту; дастархан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. (мәдени-гигиеналық дағдылар)				

Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	Математика негіздерінен ойын-жаттығу "Орман шыршасы". Мақсат-міндеттер. Балаларда "биік", "аласа" ұғымдары туралы түсінік қалыптастыру; заттардың биіктігі мен ұзындығы секілді қасиеттері	Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу "Аяз өрнектері". Мақсат-міндеттер. Қыс құбылыстары туралы көркем сөздер мен жұмбақтар арқылы балалардың сөздік қорын молайту; ой белсенділігін,	Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу "Аяз ата туралы тақпақ жаттау". Мақсат-міндеттер. Балаларды Жаңа жыл туралы тақпақпен таныстыру; көркем сөзді мәнерлеп оқу үлгімен таныстыру. Музыкадан ойын-	. Қазақ халқының ұлттық ойындары. «Қарақұлақ» ойыны. Мақсат-міндеттер. Балаларға бірлесіп ойын ойнауды, ойынережесін сақтауды үйрету. Жылдам, шапшаң, епті болуға	Дамытушы жаттығу. "Бауырсақтың жолы". Барысы: әр баланың алдына, үстелдің басына "Бауырсақтың жолы" атты карточкалар, табақшаларда түсті боршалар үлестіріледі. Қағаз
--	---	---	--	---	--

	туралы түсінік аясын кеңейту; жабайы аңдардың қысқы тіршілігін пысықтау, адамдардың жаңа жылды қарсы алу әдебімен таныстыру. Үстел басындағы дамыту жаттығуы. "Биік шыршаны табайық". Пантомима ойыны. "Қонжық тар". Максат-міндеттер: пантомима дағдыларын дамыту. (сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)	бақылау, талдау, тұжырымдар жасау дағдыларын және зейіні мен есте сақтауын, ойлауы мен қабылдау қабілетін дамыту. Қазақ халқының ұлттық ойыны. «Теңге ілу». Шарты. Ойынға қатысушылар тепе-тең екі топқа бөлінеді. Әр қайсысы жеке-жеке шыбықтанат мінеді. Ойын кезегі басталатын жерге сызық сызылады. Одан әрі 20-30 метрдей жерден тереңдігі бір қарыстай екі шұңқыр қазылады. Шұңқырға оннан теңге салынады. Содан соң екі топтан екі	жаттығу "Жасыл шырша жанында". Максат-міндеттер. Балалардың шыршатуралы әнді тыңдау кезінде зейінін және Аязата туралы әнді айтуда есте сақтау қабілетін дамыту; әннің сөздік мағынасын түсіне білуге үйрету; музыкалық жетекшімен және топпен ілесе ән айту қабілетін жетілдіру; топпен ән айту кезінде ырғақты сезіне білу қабілетін дамыту; би қимылдарын орындауда ептілікке, дәлдікке үйрету. Балаларды мәдени қарым-қатынас пен адамгершілік ережелеріне тәрбиелеу; оқу қызметіне белсенділіктері мен	тәрбиел еу. Шарты. Ойынға 5-10 бала қатысады. Олар оңаша жерге топталып өз араларынан бір баланы қазық етіп белгілейді. Қазық тұрған жерінде қозғалмай тұрады. Басқалары әрі қарай кетеді. Содан кейін ойынға қатысушылар қазықты алыстан қоршап келіп, бірте-бірте оған жақындай түседі. Қазыққа таяп келіп: «Мынау кім?» - деп, бір-бірінен сұрасады. Балалардың біреуі: «Ой, бұл қарақұлақ қой!» - деп, алысқа қаша жөнеледі. Қалғандары оның сөзін қайталап, жан-жаққа бытырай қашады. Қарақұлақ біреуін	бетіннің бір бұрышында Бауырсақ бейнесі, екінші бұрышта үй бейнесі бар тапсырма, Бауырсақтың жолында сол және оң жақта ертегі кейіпкерлері орналасқан. - Балалар, алдарыңда Бауырсақтың жолы жатыр. Жол ата мен әженің үйінен басталып, аңдардың жанынан өтеді. Қолдарыңа боршаларды алып, Бауырсақтың жолын бір аңнан екінші аңға жүргізіп, төмен қарай жіберіңдер. Балалар қарындашпен үйден Бауырсаққа дейін сызықты үзбей жүргізіп отырады. (қоршаған
--	---	---	---	--	---

		сайыскер шығады. Сызыққа келіп қатарласып тұрады. Бастаушының белгісі	қызығушылықтар ынарттыру. "Тәтті бал" тілге арналған жаттығу.	ұстап алмақ болып, балаларды тұра қуады. Ұсталған	ортаментанысу) Вариативті
--	--	--	---	---	--

		бойынша шыбық аттарын құйғытып, шаба жөнеледі. Сол беттерімен әлгі шұңқырға жетіп қол соғып жібереді де, теңгені іліп алып, әріқарай шауып кете барады, шұңқыр тұсында бөгелуге болмайды. Ұпай әр сайыскердің іліп алған теңгелерінің санына қарай есептеледі. Қай топ көп ұпай жинаса, солтоп жеңеді. (дене шынықтыру)		бала қарақұлақ болып, ойын әрі қарай жалғасады. (дене шынықтыру)	компонент/Әлеумет"Ойыншықтар" дүкені. Мақсат-міндеттер. Балаларды сатушы қызметінің ерекшеліктерімен таныстыру; ойыншықдүкені туралы білімдерін кеңейту; дүкендегі ойыншықтардың атауларын жатқа білуге үйрету; дүкендегі сыпайылық ережелері туралы түсінік беру. "Ойыншықтар" қимылды жаттығуы.
--	--	--	--	---	--

Балалармен жекежұмыс	Жаттама қ жаттығуы. Мерекеге шығады, Бүкіл халық, біліп қой. Отандастар ұғады, Тәуелсіздік – ұлықтой! (сөйлеуді дамыту)	"Шалқан" ертегісін драматизациялау. Мақсат-міндеттер: балалардың театрландырылған аншараларға деген қызығушылығын ояту. Балаларға арналған міндет: кейіпкерлердің эмоциясын жеткізе	"Түлкілер мен тауықтар" қимылды ойыны. Мақсат-міндеттер: жылдам жүгіруді, ептілікті дамыту. Барысы: бөлменің бір шетінде тауық қорасындағы тауықтар мен әтештер орналасқан. Қарсы бетте тауықтар бар. Тауықтар	"Кім тез жүгіреді?" қимылды ойыны. Педагог балаларды екі топқа бөліп, бір сызыққа тұрғызып, белгіленген межеге дейін бастарын төментүсірмей, аяқтарына шалынбай, аяқ-қол қимылын сәйкестендіріп, еркін жүгіру керектігін	Саусақ жаттығуы. "Кірпі". Момақанмын алайда (үш саусақтарын түйістіріп, кірпінің жүрісін салады). Тікенім көп абайла, (екі қолының саусақтарын айқастырып, кірпінің тікенектері жасайды). Кіріп кетсе қолыңа,
------------------------------------	--	---	--	--	---

		отырып, балаларды саусақпен қимылдауға үйрету. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)	мен әтештер (үш-бес ойыншы) дәнді дақыл жеп жүргендей бөлме айналасында жүреді. Түлкі оларға жақындағанда әтештер: "Ку-ка-ре-ку!" деп айқайлайды. Бұл белгі бойынша барлығы тауық қорасына жүгіреді, олардың артынан түлкі асығады, ол ойыншылардың кез келгеніне қолын тигізуге тырысады. (дене шынықтыру)	айтады. Педагог жүгірудің бір бағыттағана болатынын балаларға түсіндіреді және қалай жүгіру керектігін тағы да естеріне салады. Екі топтағы балалардың қайсысы ережеге сай және тез жүгіреді, сол топ жеңген болып есептеледі. (дене шынықтыру)	Өкпелеме жарайма! (сөйлеуді дамыту)
Серуенге дайындық	Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; шалбарын, бас киімі мен бөтенкесін реттілікпен киюін қадағалау. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Серуен	Түскі серуендегі бақылауды жалғастыру. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)				
Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес)	"Туған жерім тамаша" тақырыбына көрме ұйымдастыру.	Психолог кеңесі. Мысалы .	Ата-аналарға балалардың жетістігі жайлы айту.	"Тәуелсіздік - тірегім" тақырыбында газет көрмесі.	Ата-аналармен әңгіме жүргізу: "Баланың бос уақытын дұрыс ұйымдастыру керек?"

ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ

Білім беру ұйымы : «Алтын асық» бөбекжай бақшасы

Балалардың жасы: 3 жас «Балдәурен» тобы.

Жоспардың құрылу кезеңі: 18.12 - 22.12.2023ж.

Апта күндері					
	<i>Дүйсенбі</i>	<i>Сейсенбі</i>	<i>Сәрсенбі</i>	<i>Бейсенбі</i>	<i>Жұма</i>
Балаларды қабылдау	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. (сөйлеуді дамыту)				
Ата-аналармен әңгімелесу	Жаңа жыл мерекесіне байланысты болатын ертеңгілік, мерекелік кештер туралы ата-аналарға ақпарат беру.				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)		"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттер. Балаларды ойыншықтарды құрметтеуге үйрету (оларды таза және ұқыпты ұстау, реттеп, орнына қою). (еңбек дағдылары)	"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттер. Балаларды киім сақтауға арналған жеке шкафтарда тазалық пен тәртіпті сақтауға тәрбиелеу. (еңбек дағдылары)	"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттер. Балаларды кітаптарды құрметтеуге, оларды уақытында жапсыруға, барлық кеңсе құралдарын дұрыс қолдануға үйрету. (еңбек дағдылары)	"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттер. Балаларды тазалыққа және ұқыптылыққа үйрету, тәрбиешінің көмекшісіне топтық бөлмеде тазалықты сақтауға көмектесу, атап айтқанда, орындықтардың тазалығын қадағалау (дымқыл шүберекпен сүрту, оқу қызметінен

					және тамақтан кейін орындарына қою). (еңбек дағдылары)
--	--	--	--	--	---

		ҚР. Гимнін орындайды. Міндеттер. Балаларды патриоттық тәрбиені қалыптастырады. (музыка) "Түстерін тап" үстел үсті ойыны. Мақсат-міндеттер: түстер туралы білімдібекіту, зейінді дамыту. Үстелге түрлі түсті қарындаш суреттерібар карточкалардың жартысын (немесе, керісінше, суреттердің жартысын) жоғары қаратып қою. Баладан, мысалы, қызыл түске сәйкес барлық қызыл түсті суреттерді таңдауды сұраңыз. Содан кейінкөк,	"Лото "Жануарлар"" үстел ойыны. Мақсат-міндеттер: үйжануарлары мен жабайы жануарларды топтастыруға және жалпы атауларын атауға үйрету; зейінді, байқауды дамыту. Балалар берілген суреттерді топтастырады: үй жануарлары мен жабайы жануарлардың суреттері бойынша. (танымдық дағдылар, қоршаған ортаментанысу) "Қонжық ормандажүреді" қимыл жаттығуы. Мақсат-міндеттер: балаларды жаттығу сөздерін	"Үздіксіз ізде"(іздеу). Мақсат-міндеттер. Зейінді дамыту. 10-15секунд бойы балаға айналасынан түсі (өлшемі, пішіні, материалы және т.с.с.) бірдей мейлінше көп зат табуды ұсыну. (танымдық дағдылар) Үстел үсті ойыны:"Суретті құрастыр". Мақсат-міндеттер: бөлшектерден тұтасбір бөлікті құрастыруды үйрету,балалардың қабылдауын және байқағыштығын дамыту. (сөйлеуді дамыту)	"Сыпайы сөздер" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттер: балаларда өзін-өзі ұстау мәдениетін, сыпайылықты, әрқайсысына дегенқұрмет сезімін, досқа, бір-біріне көмектесуге деген ұмтылысқа тәрбиелеу. Барысы: педагог балаларға әртүрлі сюжеттер бейнеленген суреттерді көрсетеді және сұрақтар қояды. Балалар сұрақтарға толық жауап береді. (сөйлеуді дамыту) "Зат неге ұқсайды?" ойыны.Мақсат-міндеттер: балалар бөлме
--	--	--	--	--	---

		сары және т.б. Балалар алдымен екітүсті суреттерді, содан кейін үш түсті	айта жүріп, мәтінге сай қимыл- қозғалыстарды		ішіндегі заттардыңқандай пішінге ұқсайтынын ажыратып айта
--	--	--	---	--	---

		суреттерді таңдап, тапсырманы қиындатуға болады.(сөйлеуді дамыту) Сурет салудан ойын-жаттығу "Аяз атаның қабы".Мақсат-міндеттер. Балаларды қылқаламарқылы сопақша немесе дөңгелекке ұқсас Аяз Ата қабын салуға үйрету.	жасауға дағдыландыру; артикуляцияны, сөйлеу, ойлау, елестету қабілеттерін дамыту. Қонжық орманда жүреді, (Екі аяқ иық енінде, қол белде) Маймаңдайды, теңселеді. (Маймаңдау, қонжықжүрісіне еліктеу) Маймаңдайды, теңселеді, Тәтті жидекті тереді.(Отыру, саусақтармен еденді сокқылау) Ағаштарға жорғалайды, (Екі қолкеуде алдында бүгулі; қолдарды көтеріп-түсіру, аяқтарды, түзе бүгіп,кезек көтеріп-түсіру) - Бал бересің бе? -сұрайды. (Екі алақанды қосып, үйкелеу)		білуге үйрету. Құралдары: геометриялық пішіндерге ұқсайтын заттардың сурет-карточкалары. (математика негіздері)
--	--	--	---	--	---

			- Бал бересің бе? -		
--	--	--	---------------------	--	--

			сұрайды. Жерге түсіп, маймаңдайды. (Маймаңдап жүру) Д. Ахметова (сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)		
Ертеңгілік жаттығу	Жалпы дамытушы жаттығулар. 1. Бастапқы қалып аяқтың арасын алшақ қойып, атластық таспаны ұстаған қолдарды алда ұстау; 1-1 атластық таспаларды жоғары көтеріп, оңға және солға желпу (6-8 рет қайталау); 1-2 бастапқы қалыпқа келу. 2. Бастапқы қалып тік тұру, атластық таспаларды екі қолмен ұстау; 2-1 жерге отырып, атластық таспаларды иық тұсына қою; тұрып, атластық таспаларды алға қою (4-5 рет қайталау); 2-2 бастапқы қалыпқа келу; 3. Екі атластық таспаны бір қолға ұстап, бір орында 20-30 сек. секіру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, дене шынықтыру)				
Таңғы ас	Гигиеналық дағдылар Мақсат-міндеттер: тамақтану кезінде балаларға ескерту: ұқыпты ішу, тамақпен ойнамау, тамақ ішкен кездесөйлеспеу. Көркем сөз Үсті-басым ұқыпты, Таза жүрем әрдайым. Жолатпаймын кірді мен, Тазалықты таңдаймын! (мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)				

Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	"Жаңа жыл" мерекесіне арналған тақпақтар жаттау. (сөйлеуді дамыту,	Аяз ата туралы тақпақ жаттау. (сөйлеуді дамыту,көркем әдебиет)	Қыс мезгілінің ерекшеліктері туралыәңгімелесу. (сөйлеуді дамыту,	Шырша туралы тақпақтар жаттау. (сөйлеуді дамыту,көркем әдебиет)	Жасыл шыршаны бақылау. (сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен
--------------------------------------	--	--	--	---	---

	көркем әдебиет)		қоршаған ортаментанысу)		танысу)
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет		Дене шынықтыру "Жаңа жыл, жаңа нұр!" Мақсат-міндеттер. Балаларды сап түзеп бірінің артынан бірі арақашықтық сақтап, бағытты өзгертіп жүруге жаттықтыру; сапқа өз еріктерімен тұру қабілетін жетілдіру; гимнастикалық орындықтың үстімен жүру дағдысын қалыптастыру; 3 м қашықтықта алға жылжи отырып, екі аяқтап секіруге үйрету.	Музыка "Жаңа жыл - жаңанұр". Мақсат-міндеттер. Балалардың шырша және Аяз ата туралы әндерге қызығушылығы менықыласын ояту; әнді көтеріңкі көңіл-күйде, эмоционалды қабылдай білуге үйрету; музыкалық жетекшімен ілесе әнайту қабілетін жетілдіру; әндегі ырғақтың сипатын сезіне білу қабілетін дамыту; ән айтуда дұрыс тыныс алу дағдысына үйрету; музыка әуенімен бірге би қимылдарын орындауда ептілікке, дәлдікке үйрету;	Дене шынықтыру "Қош келдің, Жаңажыл!" Мақсат-міндеттер. Балаларда белгі беруі бойынша аяқтың ұшымен және өкшемен жүру, жай қалыпқа түсіп, тез ойнаған музыка әуенімен жүгіру; гимнастикалық орындықтың үстімен жүру; 3 м қашықтықта алға жылжи отырып, екі аяқтап секіру техникасын дамыту.	Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу "Жасыл шырша". Мақсат-міндеттер. Шырша туралы көркем сөздер мен жұмбақтар арқылы балалардың тілі мен сөздік қорын молайту; ой белсенділігін, бақылау, талдау, тұжырымдар жасау дағдыларын және есте сақтауы мен ойлау қабілетін дамыту. "Шыршаны тауып көр" дидактикалық ойыны.

			музыкадағы контрастық бөлімдерді ажырата білуге үйрету; жаңа		
--	--	--	--	--	--

			жыл туралы ұғымберу.		
Серуенге дайындық	Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; шалбарын, бас киімі мен бәтешкесін реттілікпен киюін қадағалау. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Серуен		Ағаштардағы қырауларды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) Бақылау: қыраудың пайда болуы туралы түсінік беру. Балалардың назарын қар еріген кезде, күрт суық түскенде және ауа-райы жылыған кезде айналаны қырау басқанын, ағаштарда, орындықтарда және басқа заттарға қарап бақылауды ұсыну. Қырау – бұл қаттышық. Түнде жердің	Терезедегі қырауды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) Жұмбақ. Өнері жоқ, қолы жоқ, Сурет салуды біледі. (терезедегі қырау). Ырым. Егер терезелердің екі әйнегі де буланса, аяз күшейе түседі. Бақылау: шыныдағы өрнектердің пайда болуы туралы түсінік беру. Жылы, сулы булар салқын терезелер шынысына буланып бір-бірімен біріктіріледі, мұзды кристалға айналады да	Бұрқасынды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) Мақал. Бұрқасын мен қарлы боран ақпанға келіп қонды. Ырым. Қыста бұрқасын көп болса, жазда жауын-шашын болады. Бақылау: бұрқасын туралы түсініктерін қалыптастыру. Қатты жел, бұрқасын болған кезде аязды ауа соғады да, жүру қиындайды, бұлт күнді жауып, әрбір жерде қарлы бұрқасын соғады. Егер қар үрлеп	Қар жауғаннан кейінгі ағаштардың жайы қандай? (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) Мақал-мәтел. Желтоқсанда қыс ақ мамық төсейді. Ал аяз өзен арқылы көпірлер тұрғызады. Бақылау: қар жауғаннан кейін ағаштың қалпы қандай әдемі екеніне балалардың көңілін аударту. Кішкентай ағаштар үшкір дөңгелек тебетейге оранды, кейбір ағаштың бұтақтары бұғының мүйізі

		үстіндегі ауа салқындайды. Ауадағы сулы буларсалқындаған заттармен өзара	керемет гүлдері бар мұзды бау-бақшапайда болады. Табиғаттың қысқы	құйындатса – бұл табиғат құбылысы	сияқты, кейбіреуі тоқыма жіп сияқты, мақталы шар сияқты.
--	--	---	--	--	---

		жанасып сулы тамшыларға айналыпмұзды кесек болып қатырады, сөйтіп және қырау болады. Табиғаттың әртүрлі қысқы құбылыстарын көріп бақылау, қысқы қардың сұлулығына таңдануға балалардыүйрету. Қимылды ойындар: «Бірінші бол». (дене шынықтыру) Белгі бойынша іс-әрекет жасай білуін бекіту (шананы айналу және өз орнына тұру), қосымша жаттығуларды орындау (шанаға отыру, 5 рет отырып-тұру және т.б) жылдам және еппен іс-әрекет жасау. Еңбек: мұзды	құбылыстарын байқауға және құбылыстарды атауғаәрі қарай үйрету. Қимылды ойын: «Қаскұлақ» (Волк)(қазақ халқының ойыны). (дене шынықтыру) «Қаскұлақтан» тығылып алаңда бағдарлай білуді бекіту. Ойын ережесін сақтау («қаскұлақ» сөздіатаса сол адам өз орнында қалу керек), «күзетші» тобынан «қаскұлақты» куу міндетті. Ойынды өзінің және басқа ойыншының әрекетімен келістіребілуін дамыту. Еңбек: мұз жолын жасау. Тәрбиешіменбірге	бұрқасын деп аталады. Қимылды ойын. «Әткеншек». (дене шынықтыру) Берілген қарқында қолдарынан ұстап шеңбер бойынша жүре білуін бекіту (жылдам, баяу, басқабағытта және т.б.). Жинақылық пен ұқыптылыққа тәрбиелеу. Еңбек: балаларды бала-бақша ауласындағы жолдарды сыпыруғажәне тазалауға үйрету. Еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. (еңбек іс-әрекеті) Өз бетімен ойындар: Ойын тақырыбын бір-бірімен ақылдасып таңдап	Балаларды ағашты күтуге үйрету. Қар басқан ағаш бұтақтары майысып тұрады, ол қалың қарды ақырындап түсіру керек екенін түсіндіру. Ағаштар жапырақтарын неге түсіретінін түсіндіру. Балаларды табиғаттисүюге үйрету. Олардың өз сөзіненалған әсерлерін айтуға үйрету. Қимылды ойын «Аю апанында». (дене шынықтыру) Балаларды әртүрлі бағытта жүгіруге, жылдам қозғалысқа үйрету. Еңбек: бұтақтарды қардан сілкіп тазарту.Балаларға ағаштарды ажыратуды үйрету. Олардың
--	--	---	---	--	---

		жоләзірлеу. Қарды өздігінен күрекпен белгілі орынға алыпбару, оны	жауапкершілікпен жолға су құйып мұз айдынын жасауға үйрету. Еңбек етуге тәрбиелеу. (еңбек іс-	алуға, ойыншықтар мен бөлісіп тату- тәтті ойнауға тәрбиелеу.	эстетикалық танымын байыту. Өз бетімен ойындар: өз бетінше ойнау дағдыларын
--	--	--	---	---	---

		нығыздауға үйрету; ұжымдық еңбекке қатынасуға үйрету, өз әрекеттері мен құрбыларының әрекеттерін келістіре еңбектену. (еңбек іс-әрекеті) Өз бетімен ойындар: балаларға ойын тақырыбы мен мазмұнын түрлендіру; өз пікіріңайту дағдыларын жетілдіру, өз құрбыларының пікірлерімен келісу, олардың рөлдер, ойыншықтар мен міндеттерін бөлісуге сыпайы түрде айтуын жетілдіру.	әрекеті) Өз бетімен ойындар: ойында өз әрекетін жолдастарының әрекетімен келістіребілуге ынталандыру.		дамыту.
Серуеннен оралу	Балалардың бас киімін, шалбарын, түймелері ағытылған жейдесін, бөтеңкесін белгілі ретпен шешуі; жүйелі шешінуге дағдыландыру; киімдерін шкаф сөрелеріне орналастыру; қолдарын жуу; көбік пайда болғанша қолдарын көбітіп, жақсылап шаю, беттерін жуу, беттерін және қолдарын сүлгімен құрғату. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				

Түскі ас	Гигиеналық дағдылар Мақсат-міндеттер: тамақтану кезінде балаларға ескерту: ұқыпты ішу, тамақпен ойнамау, тамақ ішкен кезде сөйлеспеу. Көркем сөз
-----------------	---

	Үсті-басым ұқыпты, Таза жүрем әрдайым. Жолатпаймын кірді мен,Тазалықты таңдаймын! (мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)				
Түскі ұйқы		Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйренеді. Аудио тыңдау. Ж.Байырбекван ың «Бесік жыры» әні (музыка)	Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйретуді жалғастыру. «Арыстан күшігін асыраған мысық» ертегісін оқып беріп,балаларды ұйықтату.(көркем әдебиет)	Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйретуді жалғастыру. «Ақ қасқыр» ертегісін тыңдату. (BilimKids медиа бөліміндегі ертегісі) (көркем әдебиет)	Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйретуді жалғастыру. «Мысық, қораз және түлкі» ертегісін оқып беріп, балаларды ұйықтату. (көркем әдебиет)
Біртіндеп ұйқыданояту, сауықты ру шаралар ы	Қайық жаттығуы; (ішпен жату, қолдар иектің астында, жоғары тартылып, еңкею, тербелу). Жалпақтабандықтың алдын алу мақсатында денсаулық жолдарымен жүру. Алған білімдерін бекітіп, мәдени-гигиеналық дағдыларын орындау. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дене шынықтыру)				
Бесін ас	Алдына қойған асқа назар аударту; дастархан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. (мәдени-гигиеналық дағдылар)				

Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)		Математика негіздерінен ойын-жаттығу "Шырша ойыншықтары". Мақсат-міндеттер. Балаларды заттарды ұзындығы және жуандығы бойынша тұрастырып, ұстап,	Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу "Хан мен құмырсқалар". Мақсат-міндеттер. Балаларды "Хан мен құмырсқалар" ертегісі мазмұнымен таныстыра отырып, мәтіндегі жолдар	Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу "Шырша ойыншықтарым ентанысу". Мақсат-міндеттер. Балаларды ойыншықтардың қасиеттерімен	Жапсырудан ойын-жаттығулар. "Аққала үлкен болғысы келеді". Мақсат-міндеттер. Балаларды аққала бейнесін көлемі түрлі дөңгелектер арқылы құрастырып, жапсыруға үйрету;
--	--	---	---	---	---

		сипап сезу және іс- тәжірибе арқылы салыстыруға үйрету; заттардың жуан не жіңішке, биік не аласа екенін айтқызып үйрету; қолдың ұсақ моторикасын, түйсікпен қабылдау, есте сақтау, ойлау қабілеттерін дамыту. Музыкадан ойын-жаттығу "Шырша түбіндегі сыйлық". Мақсат-міндеттер. Балалардың шырша туралы әнге қызығушылығын арттыру; әннің сөздік мазмұнын дұрыс түсіне білуге үйрету; музыка жетекшісімен және топпен ілесе ән айту қабілетін жетілдіру; әндегі	арқылы эмоционалды жауаптар қайтара білуге үйрету; ертегі мазмұнын бар ықыластарымен мұқият тыңдауға дағдыландыру; кейіпкерлердің әрекеттері желісін бақылауға жаттықтыру; жаңа жыл және жаңа жылдық сыйлықтар туралы ұғым беру. "Құмырсқаларды бірге жинайық" рефлексиялы жаттығуы. "Киіз басу" рөлдік ойыны. Мақсат-міндеттер: балаларға киізді басу әрекеттеріне машықтандыру; ересектердің еңбегіне деген қызығушылықты	таныстыру, сұрақтарға сөз тіркестері мен қарапайым сөйлем арқылы жауап беріп, өз ойын жеткізуге үйрету. Дамытушы ойын. "Бар - жоқ".	көзбен мөлшерлеу мүмкіндіктерін қалыптастыру; қысқойындар, мерекелер жөнінде түсініктерін кеңейту. "Саусақтар-ойыншықтар" саусақ жаттығуы. Мақсат-міндеттер: балаларды қимылдарды мәтін жолдарының ырғағына сай орындауға дағдыландыру; ұсаққол моторикасын, жағымды эмоцияларды дамыту. Саусақтарым, ойыншықтарым (Саусақтарды керіп, алақандарды көрсету) Ойнап-ойнап
--	--	---	---	---	---

		ырғақты сезіне білу қабілетін дамыту. "Аяз" ойыны.	арттыру; ептілікке, шыдамдылыққа тәрбиелеу. Құралдары: киізге		қалады, (Саусақтармен кезектеп жыбырлау) Шапалақтап, шапалақтап, (Шапалақ қағу)
--	--	--	--	--	---

		Вариативті компонент/Шығармашылық "Жылы бөкебай". Мақсат-міндеттер. Балалардың қысқы киімдер туралы білімдерін кеңейту; бөкебайдың қажетін түсіндіру; ою элементтері жөнінде түсініктерін пысықтау; өзіне-өзі қызмет ету негіздерін қалыптастыру.	ұқсас көрпелер, таяқтар, жіптер. Киіз басып аяқпен, Дөңгелентіп аламыз. Сабалаймыз таяқпен, Білектейміз, жаямыз. Г. Кужагулова. (шығармашылық дағдылар)		Жасырынып қалады. (Жұдырықтарға жұму) - Қане, шық жұдырықтан! (Жұдырықтарды босатып ашу, саусақтарды көрсету) Қане, тұр түзу сапқа! (Алақанды жаю, саусақтарды бір тік жинау) Ойнап болдық, тамаша! (Шапалақтау) Іс жасайық жаңаша! (Сұқ саусақты бұлғау)
--	--	--	---	--	---

Балалармен жекежұмыс		Жұмбақтар, жаңылтпашта р Мақсат- міндеттер. Жұмбақтар, жаңылтпаштар айтқызу. Балалардыңтілін дамыту. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)	"Қыста не болады?" дидактикал ықойыны. Мақсат- міндеттер: қыстың белгілері туралы ойларын дамыту. Барысы: ойын "Жылмезгілдері" үстел ойыны арқылы ойналады. Балалар қыста бейнеленген	"Қыс белгілерін ажыратамыз" дидактикалы қ ойын. Мақсат- міндеттер: балаларды тез ойлауға тәрбиелеу. Барысы: - Балалар, сендерменойын ойнайтын боламыз. Мына жерде жыл мезгілдеріне тән	"Жаңылтпаштар ".Мақсат- міндеттер: балаларды жаңылтпаштарды дұрыс әрі жылдам айтуға машықтандыру. Ойынның құрал- жабдықтары: жаңылтпаштар сюжеті бойынша суреттер. Ойын барысы:
--	--	---	--	---	---

			үлкен суреттерге жылдың осы уақытының белгілері бар кішкентай суреттерді алады. (қоршаған ортаментанысу, сөйлеуді дамыту)	белгілерін білдіретін суреттер тұр. Осы белгілердің ішінен қыс мезгілінің белгісін ажыратып алуымыз керек. Балалар суреттерді тез қойып шығады. (қоршаған ортаментанысу, сөйлеуді дамыту)	тәрбиеші балаларға жаңылтпаштарды айтады. Балалар оны дұрыс әрі жылдам қайталап айтуы керек. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)
Серуенге дайындық	Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; шалбарын, бас киімі мен бәтешке реттілікпен киюін қадағалау. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Серуен	Түскі серуендегі бақылауды жалғастыру. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)				
Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес)		Ата-аналарға кеңес. "Үйдегі бала тәрбиесіндегі қиыншылықтар".	Ата-аналарға кеңес. "Ұйқының жетіспеушілігі неге әкеледі?"	«Баланың неге бейім екендігін байқадыңыз ба?»	Кеңес беру. «Негізден бала тыңдамайды?»

ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ

Білім беру ұйымы : «Алтын асық» бөбекжай бақшасы

Балалардың жасы: 3 жас «Балдәурен» тобы.

Жоспардың құрылу кезеңі: 25.12 - 29.12.2023ж.

Апта күндері	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. (сөйлеуді дамыту)				
Ата-аналармен әңгімелесу	Ата-аналарға "Егер бала ашуланшақтық сезіміне жиі бой алдырса" тақырыбында кеңестер беру; ата-аналарға баланың үйдегі тәртібіне көмек көрсету.				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттер. Балаларды кітаптарды құрметтеуге, оларды уақытында жапсыруға, барлық кеңсе құралдарын дұрыс қолдануға үйрету. (еңбек дағдылары)	"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттер. Балаларды тәрбиешінің көмекшісіне топтық бөлмеде тазалықты сақтауға көмектесу, атап айтқанда, орындықтардың тазалығын қадағалау (дымқыл шүберекпен сүрту, оқу қызметінен және тамақтан	"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттер. Балаларды тәрбиешінің көмекшісіне қуыршақтың киімдерін жуу кезінде көмектесуге үйрету, жұмысты бастамас бұрын (жуу) арнайы	"Киім шкафын реттеу" (тәрбиешінің көмекшісімен бірігіп). Мақсат-міндеттері. Балаларды киім-кешекке арналған жеке шкафты таза ұстауды үйрету: шкафты киімдер менаяқ киімнен босату, дымқыл шүберекпен сөрелерді сүртіп,	"Кірлеген орамалдарды ауыстыру". Мақсат-міндеттері. Еңбекке тұрақты қызығушылықтарын, тапсырманы тиянақты орындау ұмтылыстарын қолдау. Орамалдарды бөлек ұяшыққа ілуді үйрету. Еңбектенуге, ересектерге көмектесу

		кейін орындарына қою).	жұмыс алжапқыштарын киюге, жууға және кептіруге қажетті	киімдерді қайта	ниеттерін
--	--	------------------------	---	-----------------	-----------

		(еңбек дағдылары)	барлық керек-жарақтарды, өз жұмыс орнын дайындауға, барлық қажетті құралдар мен материалдарды қолдана білуге үйрету. (еңбек дағдылары)	орнына тиянақты түрде жинау. Тәртіпке бағынуға, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. Ұжымдағы ұйымшы еңбекке үйрету. (еңбек дағдылары)	тәрбиелеу. (еңбек дағдылары)
ҚР. Гимнін орындайды. Міндеттер. Балаларды патриоттық тәрбиені қалыптастырады. (музыка) "Зейінділік пен байқампаздық". Жүргізуші сайланады. Қалған ойыншылар сол жүргізуші есте сақтауы тиіс дене қалыбын ұстайды. Артынша жүргізуші бөлмеден шығады,	"Жоғалған зат" үстелүсті ойыны. Мақсат-міндеттері. Педагог үстелдің үстіне бірнеше зат қояды. Бала оларға мұқият қарап алған соң, теріс қарап тұрады. Үстелден бірзат алып тасталынады. Бала қай заттың жоғалып кеткенін табу керек. Заттардың санын біртіндеп көбейтуге болады. (сөйлеуді дамыту) "Айна".	"Жыл мезгілдері" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттері. Балалардың жыл мезгілдері туралы білімдерін бекіту, маусымдық өзгерістерді талқылау. (сөйлеуді дамыту, қоршаған ортаментанысу) Суреттерге қарау. Мақсат-міндеттер.	"Суретті құрастыр" үстелүсті ойыны. Мақсат-міндеттер: балаларды тұтас затты жеке бөліктерден құрастыруға жаттықтыру; ерік-жігерін, мақсатқа талпынуын тәрбиелеу. Барысы: қорапта әртүрлі заттар бейнеленген тұтас суреттер болады: жаңа жылдық сыйлықтар,	"Ұқсайды – ұқсамайды" заттармен ойналатын ойын. Дидактикалық міндеті: балаларды заттарды салыстыруға түрі, түсі, формасы, көлемі, материалы бойынша ұқсастықтарын байқауға үйрету; байқағыштығын, ойлауын, тілін дамыту.	

	ал ойыншылар (өзаракелісіп) киімдерінде, дене қалыптарында	Балаға қарама- қарсы	"Жаңа жыл" тақырыбында суреттерді көру. (сөйлеуді дамыту)	ойыншықта р, шырша. Екінші қорапта дәл осы	Ойын ережесі: екізатты алып, оның ұқсастықтарын көрсету іскерлігі.
--	---	---------------------------------	---	---	---

	бірқатар өзгеріс жасайды. Кірген жүргізуші барлығын бұрынғы күйіне келтіруі тиіс. Егер жүргізуші барлық өзгерістерді тапса, олең байқампаз атанады. (сөйлеуді дамыту)	тұрып, әртүрлі қимыл-қозғалыстар көрсетіңіз. Ол "айна", сол қимылдарды қайталауы тиіс. (сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)		суреттер төрт бөліккебөлініп салынған. Педагог балаларды суреттермен таныстырады. Оларсуретте не бейнеленгенін атапайтады. (танымдық дағдылар) Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу "Тиін". Мақсат-міндеттер. Балалардың қыс мезгілдерінде табиғатты бақылау дағдыларын дамыту; тиіннің сыртқы түрі мен қыстағы тіршілік қалпы туралы түсініктерін кеңейту; жанды табиғатқа	Кімді көрсетсе, солжауап береді. Ойын әрекеттері: ұқсас заттарды іздеу. (математика негіздері, сөйлеуді дамыту)
--	--	---	--	--	---

				қызығушылықтары мен бастамаларын және жауапкершіліктер інқалыптастыру; қыс	
--	--	--	--	---	--

				қызығы туралы ұғымберу.	
Ертеңгілік жаттығу	Жалпы дамытушы жаттығулар. 1. Бастапқы қалып аяқтың арасын алшақ қойып, атластық таспаны ұстаған қолдарды алда ұстау; 1-1 атластық таспаларды жоғары көтеріп, оңға және солға желпу (6-8 рет қайталау); 1-2 бастапқы қалыпқа келу. 2. Бастапқы қалып тік тұру, атластық таспаларды екі қолмен ұстау; 2-1 жерге отырып, атластық таспаларды иық тұсына қою; тұрып, атластық таспаларды алға қою (4-5 рет қайталау); 2-2 бастапқы қалыпқа келу; 3. Екі атластық таспаны бір қолға ұстап, бір орында 20-30 сек. секіру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, дене шынықтыру)				
Таңғы ас	Гигиеналық дағдылар Мақсат-міндеттер: мәдени-гигиеналық дағдыларын жетілдіру. Көркем сөз Нан – ардақты адал ас, Кәрі, жас одан аттамас. Ақ дастархан үстінде, Қол жумай оны ұстамас. (мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Шаттық шеңбері Мақсат-міндеттер. Балаларға эмоционал ды жағымды көңіл- күймен ұйымдастырылған іс-әрекетіне мотивациял ық	Шаттық шеңбері Мақсат-міндеттер. Балаларға эмоционал ды жағымды көңіл- күймен ұйымдастырылған іс-әрекетіне мотивациял ық	Шаттық шеңбері Мақсат-міндеттер. Балаларға эмоционал ды жағымды көңіл- күймен ұйымдастырылған іс-әрекетіне мотивациял ық	Шаттық шеңбері Мақсат-міндеттер. Балаларға эмоционал ды жағымды көңіл- күймен ұйымдастырылған іс-әрекетіне мотивациял ық	Шаттық шеңбері Мақсат-міндеттер. Балаларға эмоционал ды жағымды көңіл- күймен ұйымдастырылған іс-әрекетіне мотивациял ық

	дайындықты	дайындықты	дайындықты	дайындықты	дайындықты
--	------------	------------	------------	------------	------------

	қалыптастыру, балаларға бір- бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу. Қуанамын мен деҚуанасың сен де, Қуанайық достарым! Арайлап атқан күнге! (сөйлеуді дамыту)	қалыптастыру, балаларға бір- бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу. Бақыт толы шеңберге, Шаттық толы шеңберге, Қол ұстасып келдікбіз, Жан достармыз ендібіз. (сөйлеуді дамыту)	қалыптастыру, балаларға бір- бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу. Қайырлы таң балалар! Жарқыра ды қаламыз, Жайнай түсті даламыз, Қайырлы таң балалар! Аман Отан панамыз, Аман ата-анамыз, Қайырлы таң балалар! (сөйлеуді дамыту)	қалыптастыру, балаларға бір- бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу. Достарымны ң барлығын, Сыйлап, жақсы көремін. Алақаным арқылы Жылуымды беремін.(сөйлеуді дамыту)	қалыптастыру, балаларға бір- бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу. Күнім күліп арайлы, Тереземнен қарайды. Достарымм ен шеңберге, Тұрғанымд ы қалайды (сөйлеуді дамыту)
--	---	--	--	--	--

Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	Дене шынықтыру "Жаңа жыл құтты болсын!" Мақсат-міндеттер. Балаларда сап түзеп бірінің артынан бірі арақашықтық сақтап, бағытты өзгертіп жүгіру іскерліктерін дамыту; жүгіру кезінде балалар бір-	Дене шынықтыру "Қалай сырғанайтынымызды көрсетейікші". Мақсат-міндеттер. Балаларда нық қадаммен алға, нық қадаммен артқа жүру, тізені биікке көтере отырып жүруге үйрету; бір	Музыка "Шырша түбіндегі сыйлық". Мақсат-міндеттер. Балалардың шырша туралы әнге қызығушылығын арттыру; әннің сөздік мазмұнын дұрыс түсіне білуге үйрету; музыка жетекшісімен	Дене шынықтыру "Қыста дөңнен сырғанаймыз". Мақсат-міндеттер. Балаларда сап түзеп бірінің артынан бірі шеңбер бойымен арақашықтық сақтап, бағытты өзгертіп жүгіру қабілеттерін дамыту; нық	Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу "Менің сүйікті қалам". Мақсат-міндеттер. Балаларды сүйікті қаламыз Алматымен таныстыра отырып, қала туралы көркем сөздерді мәнерлеп
---	---	--	---	--	--

	біріне соғылып қалмауы үшін арақашықтық сақтап жүгіруге және бір бағытта жүгіріп келе жатып, келесі бағытқа белгі бойынша тез ауысу дағдыларына жаттықтыру.	аяқтан бір аяққа секіру, тура секіру дағдыларын қалыптастыру; сап түзеп бірінің артынан бірі шеңбер бойымен арақашықтық сақтап, бағытты өзгертіп жүгіру қабілетін жетілдіру.	және топпен ілесе айналыту қабілетін жетілдіру; әндегі ырғақты сезіне білу қабілетін дамыту.	қадаммен алға, нық қадаммен артқа жүру, тізені биікке көтере отырып жүру іскерліктерін жетілдіру.	оқу; Алматы қаласы туралы мәліметтерді зейін қойып, мұқият тыңдауға үйрету.
Серуенге дайындық	Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; шалбарын, бас киімі мен бәтешке сін реттілікпен киюін қадағалау. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Серуен	Ауа райына қарай қардың өзгеруін байқау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) Болжау. Аязды күні қар жауса – күн жылынады. Суықтан қорықпа – суық сумен жуын. Мақал-мәтел Қыс қандай	Күннің ұзақтығын байқау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) Мақал-мәтел. Егер жұмыс болмаса, кешке дейін күн де ұзақ. Бақылау: желтоқсанда күн қысқа, түн ұзақ,	Қар жауғаннан кейінгі ағаштардың жайы қандай? (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) Мақал-мәтел. Желтоқсанда қыс ақмамық төсейді. Ал аяз өзен арқылы көпірлер тұрғызады. Бақылау: қар	Ағаш пен бұталарды бақылау (ағаштар: қайың, шырша, алма ағашы; бұталар: жұпаргүл, шие). (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) Көркем сөз. «Қарағай». Тау баурайын - жағалай,	Құстарды бақылау (сары шымшық, бозторғай, сауысқан, торғай, көгершін). (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) Көркем сөз. Шыр-шыр еткен торғайды. Қорғамас

	болса, жаз да осындай. Байқау: Жылы	соған назар аудару. Балалардың сөздік қорының құрамына	жауғаннан кейін ағаштың қалпы	Биік-биік қарағай. Оқтай түзу бойлары,	аң болмайды, Кіп-кішкентай торғайлар,
--	--	---	-------------------------------	---	--

күндері жауған қар жабысқақ болады , қар жабысқақ , аққала жасауға ыңғайлы туралы болатынын балаларға түсіндіру ,ал аязды күндері қарүгітіліп, құрғап тұрғанда ештеңе жасауға болмайды. Ауа қысымының өзгеруіне байланысты қардың өзгеретінін бақылатып отыру, қардың өзгеру себептерін тереңдететүсіндіру. Қимылды ойын: «Бәйге» (дене шынықтыру) Мақсат- міндеттері. Балаларды әртүрліжарысқа қатысуға үйрету. (кім бұрын жылжиды, кім бұрынозады сол жеңіске жетеді)	көніл бөлу, табиғатқа қызығушылығын арттыру. Қимылды ойын. «Бермеймін». (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер. Қалың қар үстінде шеңбер жасау. Әркімқасында тұрған баланы белгі бойынша өзіне тартып қалады. Балаларды күштіболуға, шыдамдылықпен ойын ережесін бұзбауға тәрбиелеу. Еңбек: ауланы түскенбұтақтардан жинастыру ға, тәрбиешіге көмектесуге ынталандыру, әр баланың	қандай әдемі екеніне балалардың көңілін аударту. Кішкентай ағаштар үшкір дөңгелек тебетейге оранды, кейбір ағаштың бұтақтары бұғының мүйізі сияқты, кейбіреуі тоқыма жіп сияқты, мақталы шар сияқты.Балаларды ағашты күтуге үйрету. Қар басқан ағаш бұтақтары майысып тұрады, ол қалың қарды ақырындап түсіру керек екенін түсіндіру. Ағаштар жапырақтарын неге түсіретінін түсіндіру. Балаларды табиғаттисуюге үйрету. Олардың өз сөзіненалған	Шымыр өскен баладай. Бақылау. Балалардың назарын ағаштардың және бұталардың сыртқы сұлулығына аудару (жапырақ жоқ). Ағаштың сыртқы түрлерін ажырата білуге жаттықтыру (ағаштың пішіні, бұтаның орналасуы, тамырдың түрі мен сыртқы пішіні); ағаштар: терек, қайың, шырша, гүлшетен, алма ағашы; бұталар: долана, жұпаргүл, шие. Балаларға аяз кезінде ағаш бұталарының тез сынғыш болатынын түсіндіру. Балаларды	Бақшамыз ды қорғайды. Жұмбақ. Қалқып тұрып аспанда, Үн шығарып санқилы, Өнеріне басқанда, Тұла бойың балқиды. (Бозторғай) Бақылау: құстардың атауын есте сақтау, ұшып келетін құстарды белгілерінесай ажырата білу (көлемі және түстеріне байланысты). Әртүрлі құстардың қозғалысы мен ерекшеліктері н ескере білуге үйрету (сауысқанның қадамы үлкен;
---	--	--	--	--

	Балаларды достарының жеңісіне	еңбекке жүйелі қатысуын қамтамасыз ету. Өз бетімен ойындар: балалардың ойын уақытында бір-біріне	әсерлерін айтуға үйрету. Қимылды ойын «Аюапанында». (дене шынықтыру) Балаларды әртүрлі	ағаштарға сүйіспеншілікпен қарауға тәрбиелеу. Қимылды ойын «Шаңғы жарысы».	торғай екі аяғымен секіреді; көгершін - жиі, ұсақ қадамдар жасайды т.б.) Құстарұшып жүргенде немесе отырғанда
--	--------------------------------------	--	--	---	---

	жеткеніне қуануға үйрету. Еңбек: Мақсат-міндеттері. Қардан жолды тазартуға тәрбиешіге көмектестіру. Тәжірибе. Қардың қасиеттері. 1. Аязды күні қарды қолғаппен алса, ол жабыспайды, шашылады. 2. Қарға су құйсаң, одан қаршық жасауға болады. Қар дымқыләрі жабысқақ, болады. Қортынды. Бұдан біз қардың дымқылдығынан қарәдемі тұтас түрде болатындығын байқадық.	деген қарым-қатынасын түзету, қылықтарымен істерін айқындау, өз көзқарасында тұрақты болу; құрдасының ойы менөзінің ойын сәикестендірі п, ойыншықтарды, рөлді және міндеттерді бөлісудегі қимыл іс- әрекеттерін сыпайы түрде аңғарта білуін дамыту.	бағытта жүгіруге, жылдам қозғалысқа үйрету. Еңбек: бұтақтарды қардан сілкіп тазарту. Балаларға ағаштарды ажыратуды үйрету. Олардың эстетикалық танымын байыту. Өз бетімен ойындар: өз бетінше ойнау дағдыларын дамыту.	(дене шынықтыру) Дыбыс белгісіне көңіл бөлу (шанада отырып, аяқпен итеру; үстінде отырып, қолмен итеру). Дене шынықтыру әрекетінде алған білімдерін іс жүзінде қолданып, жарыстарға қатысуға ынталандыру. Еңбек: ағаш және бұта түптеріне қарды үю және еңбектің маңыздылығын білуге үйрету. Жақсы ынтамен еңбектенуге тәрбиелеу. Өз бетімен ойындар: алдын-ала ойын тақырыбына келісіп, рөлдерді	жақсы көрінеді, егер олар ағаштың бұталарында отырса ажырату қиынға соғады. Құстарға қыста азық табу қиын болатындығын түсіндіру. Оларды қосымша тамақтандырып тұру керектігін түсіндіру. Қимылды ойын «Қарғалар». (дене шынықтыру) Ойынға деген қызығушылықтар ынарттыру Еңбек: қыстың күні құстарға далада тамақ беруге баулу. Берілген тапсырмаға жауапты болу: өз еңбегіне қанағаттана білу. Өз бетімен ойындар. Балаларға өз
--	---	--	--	--	--

				бөлу, 3-4 баладан тұратын ойын топтарында бастаушылардың қимыл-әрекеттеріне басшылық жасау.	рөлдерін және құрбыларының рөлдерінің мазмұнына сақтай білуге
--	--	--	--	---	---

Балалардың үйге қайтуы	Апта бойы балалардың қандай іс әрекеттер жасағаны туралы айтып беру. Үйде құстар туралы балалармен әңгімелесу, еңбек әрекетін ұйымдастыруды ұсыну,				

Білім беру ұйымы: «Алтын асық» бөбекжай бақшасы
Топ: ортаңғы «Балдәурен» тобы
Балалардың жасы: 3 жастан
Жоспардың құрылу кезеңі: 22.01- 26.01.2024ж.

Күн тәртібінің кезеңдері	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау	Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу. Стикерлер арқылы көңіл күйлерін көрсете білуін жетілдіру. Баладан қандай көңіл күймен келгенін сұрап, сәлемдесуді пысықтау, баладан таптағы безендірулерге назар аударып, ұнаған заттары туралы айтуын жетілдіру. (қарым қатынас мәдениеті).				
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен, кеңес, әңгімелесу	Көшеде жүру қауіпсіздік сақтық шаралары туралы әңгімелесу.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды,үстел үсті ойындары, бейнелеу іс- әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру, Топта тазалық сақтауға, ойыншықтарды сұртуге, табиғат бұрышындағы тіршілік иелеріне күтім жасауға, кезекшілік міндеттерін жауапкершілікпен атқаруға баулу Балармен жеке жұмыстар. (Танымдық, қарым қатынас іс-әрекеттер)	Құрастыру материалдарымен құрастыру ойындары, кітаптарды қарату. Балармен жеке жұмыстар. (Танымдық, қарым қатынас іс-әрекеттер)	Дидактикалық ойындар карточкаларымен жұмыс «Артығын тап», «жетпейтін бөлігін тап» Шығармашылық жұмыстар Балармен жеке жұмыстар. (Танымдық, шығармашылық іс-әрекеттер)	Үстел үсті ойындары (пазлдар, интеллектум құралдары, шашка ойындары) Кітаптар қарату, әңгімелесу. Балармен жеке жұмыстар. (Танымдық, зерттеу, қарым қатынас іс-әрекеттер)	Өнер орталығында сурет салу, суретті кітапшаларды бояу, ермексазбен жұмыстар жасау. Табиғи құрастыру материалдарымен ойындар. Балармен жеке жұмыстар. (Танымдық, шығармашылық іс-әрекеттер)

Таңертенгі жаттығу	Қаңтар айына арналған таңертеңгі жаттығуларды орындау (Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті).				
Таңғы ас	Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті) Өз орнын тауып отыру. Ас болсын сөзін айтуды қалыптастыру. Таза және ұқыпты тамақтануды, қасықты дұрыс ұстауды, тамақтанған кезінде ауызын жауып отырып, асықпай әбден шайнауды үйрету. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту, ас қайыру. (сөйлеуді дамыту)				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Таңғы жиын. Балаларға жаңалықтарымен бөлісуді, жақсы тілектер тілеуді жасату. «Көліктер жайында біз не білеміз?», «Менің арманымдағы көлік» тақырыбында әңгімелесу. Адамның денсаулығына гигиена мен күн тәртібінің ықпалы туралы түсініктерді кеңейту. Бірлескен жоспарларды, мәселелерді талқылау, қызығушылықтары бойынша әрекет түрін тандау, ережелер туралы келісу және т. б. (сөйлеуді дамыту)				
Мектепке дейінгі ұйымның кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекеттер	Сөйлеуді дамыту «Көліктер» Міндеттері: Көліктер туралы біз не білеміз? Топта қандай көлік түрлері бар. Әңгімені бірізді айту, шағын логикалық және хабарлау сипатындағы әңгімелерді құрастыруды үйрету Дене шынықтыру <u>Жалпы дамытушы жаттығулар.</u> <u>Негізгі қимылдар:</u> Жүру: белгі бойынша	Көркем әдебиет «Менің ертегім» Міндеттері: Таныс ертегіні сахналау, рөлдерде кейіпкердің бейненің қимылын, интонациясы мен мимикасын беруді үйрету. Музыка Сауат ашу негіздері «Көліктер» Міндеттері: Көліктердің бейнесі бар	Сауат ашу негіздері «Көліктер» Міндеттері: Көліктердің бейнесі бар карточкалар тарату. Берілген көлік түріне сөйлем құрастыру. алдымен үлгі бойынша және кейіннен өз бетінше жазуға мүмкіндік беру. Дене шынықтыру <u>Жалпы дамытушы жаттығулар.</u> <u>Негізгі қимылдар:</u>	Сөйлеуді дамыту «Әуе көліктері» Міндеттері: туралы шығармашылықпен әңгімелеп беруді жетілдіру: Бақылаулар мен суреттер бойынша сипаттау және хабарлау әңгімелерін құрастыру Музыка Сауат ашу негіздері	Көркем әдебиет «Машина» Міндеттері: тақпағын жатқа, мәнерлеп, интонациямен айтуды үйрету Математика негіздері «Кезеңдер» Міндеттері: Өртүрлі оқиғалардың, апта күндерінің, тәулік бөліктерінің реті туралы білімді бекіту. Апта бойы не үйренгендері туралы еске түсіріп атауын қалыптастыру.

	басқа бағытқа бұрылып жүру, қолдың бастапқы қалыптарын өзгерте отырып, әртүрлі қарқында секіргіштен аттап жүру; Жүгіру: шашырап, жұппен, қатармен бір-бірден, екеуден, үшеуден тізені жоғары көтеріп жүгіру; Секіру: қос аяқпен заттардың арасымен (арақашықтығы 4 метр), оң және сол аяқты алмастырып, заттардың арасымен (арақашықтығы 3 метр), бір орында тұрып биіктікке секіру (6-8 метр); <u>Қимылды ойын:</u> Қуып, жылдам ұста Математика негіздері «ұқсас заттар» Міндеттері: Қоршаған ортадан геометриялық фигураларға ұқсас заттарды табу,	карточкалар тарату. Берілген көлік түріне сөйлем құрастыру. Алдымен үлгі бойынша және кейіннен өз бетінше жазуға мүмкіндік беру. Сурет салу Мүсіндеу Жапсыру, құрастыру Балалардың дербес әрекеті. «Көліктер» Міндеттері: Түрлі өлшемді өрнектерді біріктіру, ақ және түрлі-түсті фондарды қолдана отырып, түсті таңдауды жетілдіру. Заттардың ұзын және қысқа, жуан және жіңішке белгілерін көрсете біліп ұшақты мүсіндеуді үйрету Көлік тұрағы тақырыбында ұжымдық жұмыс жасау. Композиция ережелеріне сәйкес бейнелерді құрастыруды үйрету. Қайшы мен желімді дұрыс қолдану	Жүру: белгі бойынша басқа бағытқа бұрылып жүру, қолдың бастапқы қалыптарын өзгерте отырып, әртүрлі қарқында секіргіштен аттап жүру; Жүгіру: шашырап, жұппен, қатармен бір-бірден, екеуден, үшеуден тізені жоғары көтеріп жүгіру; Лақтыру, қағып алу, домалату: допты бір қатарға қойылған заттардың арасымен домалату, допты қабырғаға лақтыру және екі қолымен қағып алу; <u>Қимылды ойын:</u> Аққу-қаздар Спорттық ойын элементтері: Бадминтон. Воланды ракеткамен белгілі бір жаққа бағыттай отырып лақтыруды үйрету.	«Әуе көліктері» Міндеттері: Әуе көліктерінің суреттері бойынша сөйлем құрастыру. Алдымен үлгі бойынша және кейіннен өз бетінше жазуға мүмкіндік беру. Қоршаған ортамен таныстыру «Аялдама» Міндеттері: Балаларды жеңіл көлік, трамвай, автобус аялдамасы жол жүру белгілерімен таныстыруды жалғастыру. Ойындар ойнату. Белгіні тану, суретін салуын ұйымдастыру	Дене шынықтыру <u>Жалпы дамытушы жаттығулар.</u> <u>Негізгі қимылдар:</u> Жүру: белгі бойынша басқа бағытқа бұрылып жүру, қолдың бастапқы қалыптарын өзгерте отырып, әртүрлі қарқында секіргіштен аттап жүру; Жүгіру: шашырап, жұппен, қатармен бір-бірден, екеуден, үшеуден тізені жоғары көтеріп жүгіру; Еңбектеу, өрмелеу: бірнеше заттардан еңбектеп өту, әртүрлі тәсілдермен құрсаудың ішіне еңбектеп өту, гимнастикалық қабырғамен өрмелеу және бір гимнастикалық қабырғадан екіншісіне ауысып өрмелеу <u>Қимылды ойын:</u> Мысық пен тышқан <u>Спорттық ойын элементтері:</u> Бадминтон. Воланды ракеткамен белгілі бір жаққа бағыттай отырып лақтыруды үйрету.
--	---	---	--	--	--

	олардың пішіндерін анықтауды дамыту. Көліктердің дөңгелегі, ұшақтың қанаты және т.б Қоршаған ортамен таныстыру «Арнайы көлік» Міндеттері: Арнайы көлік құралдарының түрлерін, белгілі бір жұмыс түрін орындау үшін олардың жабдықталуын түсінуін жетілдіру	дағдыларын жетілдіру Құрдастарымен бірлесіп, шығармашылықпен құрастыруға баулу.	Қазақ тілі «Менің арманымдағы көлік» Міндеттері: Менің арманымдағы көлік тақырыбында әңгімелесу. Өз ойын жайылма сөйлемдермен жеткізуге мүмкіндік беру. Математика негіздері Міндеттері: Берілген бағытта, оны белгі бойынша өзгерте отырып, бағдарлауын қалыптастыру. Поезд немесе кеме капитаны болып ойнап, бағыттарды анықтауды дамыту.		Қазақ тілі «Көліктер» Міндеттері: Балалардың түрлі әрекеттерінде бір-бірімен еркін диалог құруға мүмкіндігін беру. Топтағы көліктер тақырыбында өзара әңгімелесуді ұйымдастыру.
Серуенге дайындық	Балалардың дербес қимыл белсенділігі үшін жағдай жасау, серуенге алып шығатын кітаптар мен заттарды дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу. Табиғи материалдар туралы не білетіндерін сұрау. Балаларды ретімен киіндіру (ауа-райы жағдайына байланысты), дұрыс киінуді бақылау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинауды қалыптастыру (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).				
Серуен	Балабақша ауласында көліктердің қар бетіндегі іздерін анықтау. Ұшақтың кеменің іздері қандай болады? сұрау. Адам іздерімен салыстыруды	Бақылау. Мақсаты: Балабақшаның ауласының тазалығын бақылау. Қыс мезгілінде қандай тазалық жұмыстарын жүргізуге болатынын	Бақылау. Мақсаты: Ауа райын бақылау, қыста көліктерден неге бу шығады зерттеу. Қардан көліктерге гараж құрастыру	Бақылау. Мақсаты: Ауа райын бақылау. Желдің бағытын анықтауды үйрету. (Танымдық, іс-әрекеті)	Бақылау. Мақсаты: Кітаптардан көліктегі қауіпсіздік ережелері туралы ақпарат беру. Ауладағы тәртіп ережелерін еске түсіріп орындауын бақылау.

	ұйымдастыру. (танымдық іс әрекеті) Қарда дөңгелектер салу. (Бейнелеу іс-әрекеті) Қимылды ойын «Арқан тарту» Көңілді әнге би билеу. (музыка)	сұрау. Бірлескен әрекеттер жасату. Тазалау көліктерінің түрлерімен таныстыру. (Танымдық, зерттеу, қарым қатынас іс-әрекеті) Қимылды, еркін ойындар Спорттық жаттығулар: Шанамен сырғанау. Бір-бірін шанамен сырғанату, төбешіктен бір-бірлеп және екі-екіден шанамен сырғанауды меңгерту.	(Танымдық, зерттеу іс-әрекеті) Қимылды ойын «Арқан тарту» Будың бейнесін қарда салу. (Бейнелеу іс-әрекеті)	Спорттық ойын элементтері: Бадминтон. Воланды ракеткамен белгілі бір жаққа бағыттай отырып Лақтыруды үйрету. Қимылды ойын «Орамал тастамақ»	(Қарым-қатынас іс-әрекеті) Балалардың дербес әрекеттері, ойындары Қимылды ойын «Мысық пен тышқан»
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау (көркем әрекет, дербес ойын әрекеті).				
Түскі ас	Түскі ас алдында гигиеналық шараларды орындау : қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу көркем сөз қолдану, мысалы «Сылдырлайды мөлдір су, мөлдір суға қолыңды жу» Кезекшілердің жұмысы (асхана құралдарын, майлықтарды үстелге қою) Тамақтану (өз орнын білу, дұрыс отыру, асхана құралдарын дұрыс ұстай білу, ұқыпты тамақтану , сөйлеспеу, алғыс айту) (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті) Ереже айту. (сөйлеуді дамыту)				
Күндізгі ұйқы	Тамақтан соң ауыздарын сумен шаюды қалыптастыру. Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағыту. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту) Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайлы баяу музыка тыңдау. (музыка)				

Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	Өз орындарында отырып керілу, тыныстау жаттығуларын жасату. Ригалық әдіс бойынша сауықтыру. (дене жаттығулар мен белсенділігі) Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. Қыз балалардың шаштарын тарауға үйрету. (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту) Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар).				
Бесін ас	Кезекшілердің жұмысы (асхана құралдарын, майлықтарды үстелге қою, соңынан жинау) Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәденетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарқарау және тағы басқа әрекеттер)	Көліктерді қиып жапсыру. Топтағы көліктермен салысытыру. (Танымдық іс-әрекеті) Көлік дөңгелектерінің мүсінін ермексаздан жасау (Шығармашылық іс-әрекеті) Кітаптардан балалардың сұранысы бойынша ертегі, тақпақтар, әңгімелер оқып беру. Сюжеттік бірізділікті сақтай отырып, балаларға мазмұндауды үйрету. (Қарым-қатынас іс-әрекеті)	Машина Машинамын - көлікпін, Мамандарға көніктім. Үйренген соң білімді Білерсіндер тілімді. Ә.Табылдиев Тақпағын жаттату. (Танымдық іс-әрекеті) Өз өмірінің қауіпсіздігін сақтауды пысықтау Адамдармен сөйлеспеу, ойнамау, бөтен машиналарға отырмау, бейтаныс адамдардың өтініштерін орындамау, олардың соңынан ермеу)жайлы әңгімелер тыңдату. (Қарым-қатынас іс-әрекеті)	Суда жүзетін көлік түрлерін кітаптан қарап танысу. Су көліктеріне мініп көрді ме? Кәдімгі көліктен айырмашылығы қандай? Ортақ белгілері бар ма? Зерттеу. Сурет немесе мүсін арқылы өз ойын жеткізуін үйрету. (Танымдық, шығармашылық іс-әрекеті)	Әуежайдағы ұшақтар ұжымдық жапсыру жұмысын жасату. (шығармашылық іс-әрекет) Кітаптардан ұшақтарды қарау, оларға арнап конструкторлардан тұрақ жасату. (Қарым-қатынас, танымдық іс-әрекеті)	Апта бойы жасалған іс әрекеттерді естеріне түсіріп, ерекше әсер алған сәттермен бөлісу. Жаңа сөздерді пысықтау (Қарым-қатынас іс-әрекеті) Топтағы, үйдегі ережелерді орындау жайлы, өзін өзі басқару тәртібі туралы әңгімелесу. Өз ойларын айтқызу. (Танымдық, зерттеу іс-әрекеті)

Балалармен жеке жұмыс					
Серуенге дайындық	Киімдерін реттілік сақтап дұрыс киінуге үйрету. Достарына көмектесу. Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).				
Серуен	Қимылды ойын «Ақсерек көксерек» Көңілді музыкаға би билету. (музыка) Балалардың еркін ойындары	Қимылды ойын «Поезд» Балалардың еркін ойындары Қардан көліктің дөңгелегін жасату.	Қимылды ойын «Кетті кетті» Балалардың еркін ойындары Қағаздан кеме жасату, суға жүздірту және қардың бетіне қойып көру	Қимылды ойын «Ақ серек көк серек» Қардан ұялар жасату.	Қимылды ойындар «Түйілген орамал» Балалардың еркін ойындары Қарды мүсіндеуге арналған пішіндерге салып әр түрлі заттар жасату.
Балалардың үйге қайтуы	Үйде көліктер туралы мультфильм көруді ұсыну Апталық жұмыстан не ұнағанын сұрау.				

Білім беру ұйымы: «Алтын асық» бөбекжай бақшасы
Топ: ортаңғы «Балдәурен» тобы
Балалардың жасы: 3 жастан
Жоспардың құрылу кезеңі: 29.01- 02.02.2024ж.

Күн тәртібінің кезеңдері	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау	Балаларды денсаулығын бақылау, оларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу. Балалар үшін жайлы жағдай жасау. Баланың бүгінгі көңіл күйі, оны не қызықтыратыны туралы сұрау (Сөйлеуді дамыту– коммуникативтік, танымдық әрекет)				
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен, кеңес, әңгімелесу	Балалардың көңіл күйі, денсаулығы жайында ата-анамен әңгімелесу. Ақпан айында болатын тәрбие шаралары туралы ақпарат беру.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды,үстел үсті ойындары, бейнелеу іс- әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	Топта тазалық сақтауға, ойыншықтарды сұртуге, табиғат бұрышындағы тіршілік иелеріне күтім жасауға, кезекшілік міндеттерін жауапкершілікпен атқаруға баулу (танымдық, еңбек іс-әрекеттері) Кітаптарды қарау, назарын кітаптың безендірілуіне, иллюстрацияларына аудару. (Қарым-қатынас іс-әрекеті)	«Автобус аялдамасы», «Тройллебус аялдамасы» жол белгілерімен таныстыруды жалғастыру. (танымдық іс-әрекеттер) Дидактикалық ойындар	Өнер орталығында сурет салу, суретті кітапшаларды бояуда түстерді өз қалауы бойынша таңдауын дамыту (бейнелеу іс-әрекеті) Шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру, үстел үсті ойындары, логикалық ойындар. (Қарым-қатынас іс-әрекеті және танымдық іс-әрекет)	Құрастыру материалдарымен, табиғи заттармен құрастыру ойындарын ойнауы. Балалармен жеке жұмыс жүргізу. (танымдық, зерттеу іс-әрекеттері) Таңдауы бойынша жануарлар бейнеленген ойындармен ойнауы (пазлдар, роботехника құралдары, шашка, бестемше). Табиғат бұрышында бөлме өсімдіктеріне күтім жасату	Табиғат бұрышындағы еңбекті жетілдіру (бөлме өсімдіктеріне күтім жасау) (танымдық іс-әрекет) Топта балалар арасында достық қарым-қатынасты тәрбиелеу. Балалармен жеке жұмыс жасау.

				Балалармен жеке жұмыс. (танымдық іс-әрекет)	
Таңертенгі жаттығу	Қаңтар айына арналған таңертенгі жаттығуларды орындату. Музыкалық-ырғақтық қимылдар. Түзу бағытта адымдап жүру. Жұбымен шеңбер бойымен жүруді дамыту. (Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті).				
Таңғы ас	Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін жетілідіру. Гигиеналық шараларды жүргізуде балалардың өзара көмегін қолдау. Өзіне-өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларын пысықтау. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті) Асханада кезекшілердің міндеттерін орындау. Шамасы келетін, бірлескен еңбек әрекетіне қатысуға, бастаған ісін аяғынадейін жеткізуге, дербестік пен жауапкершілікке баулу. (танымдық іс әрекет) Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілідіру.				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Шаттық шеңбері Достарым көп бақшада (шеңберге тұру) Көңілдіміз бақшада (қолдарын жайып) Достықты біз сүйеміз (бір-біріне қарап, жымию) Бірге күліп жүреміз Өзін мәдениетті ұстау, әдепті және сабырлы болуды үйрету. (Қарым-қатынас іс-әрекеті) Балалардан бүгінгі көңіл күйімен бөлісуді ұйымдастырып, жаңалықтарды білуге ынталандыру. Техника дегеніміз не? Қандай техниканы қолдана алады? Техника туралы не біледі және не білгісі келеді сұрау және бірлескен жоспарларды, мәселелерді талқылау, қызығушылықтары бойынша ұйымдастырылған іс әрекет түрін таңдау, ережелер туралы келісу және т. б.				
Мектепке дейінгі ұйымның кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекеттер	Сөйлеуді дамыту «Қызықты құрылымдар» Міндеттері: Дидактикалық ойын Фонематикалық естуді дамыту, сөздегі дыбыстардың орнын анықтау(басы,	Көркем әдебиет «Менің ұялы телефоным» Міндеттері:тақырыбы нда баланың басқа құрдастарымен әңгімесінен алған ақпараттарымен, әсерлерімен бөлісуіне	Сауат ашу негіздері Карточкалармен жұмыс. Міндеттері:Сөйлемді ауызша талдау: жай сөйлемдерді сөздерге бөлу. Тамшы тәрізді пішіндерді олардың	Сөйлеуді дамыту Топтағы ойыншықтарды топтастыру. Міндеттері:Зат есімдер мен жалпылаушы сөздерді дұрыс қолдана білуді	Көркем әдебиет «Электр ұстасы» Міндеттері:Қонаққа электр ұстасы келеді. Өзінің техникамен жұмыстағы қауіпсіздігі туралы айтып береді.

	ортасы, соңы). Артикуляциялық жаттығулар жасауға машықтандыру. уа-уа-уа Қандай таза ауа! ау-ау-ау Болсын денің сау! Дене шынықтыру <u>Жалпы дамытушы</u> <u>жаттығулар.</u> <u>Негізгі қимылдар:</u> Жүру: белгі бойынша басқа бағытқа бұрылып жүру Тепе-теңдікті сақтау: заттардан аттап жүру, шектелген жазықтықтың үстімен қосалқы қадаммен, аяқтың ұшымен жүру; Секіру:қос аяқпен заттардың арасымен (арақашықтығы 4 метр), оң және сол аяқты алмастырып секіру Сапқа тұру, сап түзеу, сапқа қайта тұру: бір-бірінің жанына және бір-бірінің артынан сапқа тұру <u>Қимылды ойын:</u> Асық ойыны	мүмкіндік беру. Музыка Сауат ашу негіздері Міндеттері:Сөйлемді ауызша талдау: жай сөйлемдерді сөздерге бөлу. Тамшы тәрізді пішіндерді олардың арасындағы арақашықтықты сақтап жазуға мүмкіндік беру. Сурет салу Мүсіндеу Жапсыру,құрастыру «Үйдегі техника құралдары» Міндеттері:Шығарма шылық ойлауды және қиялды дамыту. Қағаздан құрастыру әдістерін қолданып, жазық материалды көлемді пішінге өзгерте білуді бекіту. Ұжымдық композиция. Үйдегі техника құралдары	арасындағы арақашықтықты сақтап жазуға мүмкіндік беру. Дене шынықтыру <u>Жалпы дамытушы</u> <u>жаттығулар.</u> <u>Негізгі қимылдар:</u> Жүру: белгі бойынша басқа бағытқа бұрылып жүру Тепе-теңдікті сақтау: заттардан аттап жүру, шектелген жазықтықтың үстімен қосалқы қадаммен, аяқтың ұшымен жүру; Секіру заттардың арасымен (арақашықтығы 3 метр), бір орында тұрып биіктікке секіру (6-8 метр); Сапқа тұру, сап түзеу, сапқа қайта тұру: бір-бірінің жанына және бір-бірінің артынан сапқа тұру <u>Қимылды ойын:</u> Алшы ойыны <u>Спорттық ойын</u> <u>элементтері:</u> Баскетбол элементтерін үйрету. Кеуде тұсынан екі	дамыту.Балаларға сөздерді мағынасына сәйкес қолдануға көмектесу. Музыка Сауат ашу негіздері Техника құралдары Міндеттері: Техника құралдарының суреттерімен жұмыс жүргізе айтылған сөйлемді ауызша талдау: жай сөйлемдерді сөздерге бөлу. Тамшы тәрізді пішіндерді олардың арасындағы арақашықтықты сақтап жазуға мүмкіндік беру. Қоршаған ортамен таныстыру Үй шаруасына көмектесу. Міндеттері: отбасы мүшелеріне жақсы көретінін білдіру, алғыс айту, сыпайы сөйлеуді қолдануын дамыту. Үйде қандай	Балалар ересектермен әңгімесінен алған ақпараттарымен, әсерлерімен бөлісуіне мүмкіндік беру. Математика негіздері «Бір» сөзінің мағынасы. Міндеттері:0 ден 10 дейінгі цифрмен таныстыру. «Қанша?», «Нешінші?» сұрақтарын ажырату, оларға дұрыс жауап беруін қалыптастыру. Қисық және қиғаш сызықтарды дәптердің тор көзінде сызуға үйрету. Дене шынықтыру <u>Жалпы дамытушы</u> <u>жаттығулар.</u> <u>Негізгі қимылдар:</u> Жүру: белгі бойынша басқа бағытқа бұрылып жүру Тепе-теңдікті сақтау: заттардан аттап
--	--	--	--	---	--

	Математика негіздері «Бір» Міндеттері:сөзінің мағынасы, ол тек бір затты ғана емес, сондай-ақ жиынның бірбөлігі ретінде заттардың тобын білдіретінін түсіндіру. Топтағы әр түрлі ойыншық түрлерінен жиын жасату. Қисық және қиғаш сызықтарды дәптердің тор көзінде сызуға үйрету. Қоршаған ортамен таныстыру «Технология» Міндеттері:Ұялы телефон, смартфон, компьютер, ғаламтор, теледидардың қолданылуын білу, оларды қолдануда қауіпсіздікті сақтауды бақылау.		қолымен допты бір-біріне лақтыру. Допты оң және сол қолмен алып жүруге жаттықтыру. Қазақ тілі «Мәнерлеп сөйле» Міндеттері:Тілдік және артикуляциялық аппаратты, тыныс алуды және таза дикцияныдамыту Жаңылтпаштар жаттату. Қаһарлы айдаһар Шаһарға келіп, Қаһарланар. Доп теп, Дөп теп. Ала-ала алашалар, Тамаша олар, Оған кім таласа алар Математика негіздері 0 ден 10 дейінгі цифрмен таныстыру. Міндеттері: «Қанша?», «Нешінші?» сұрақтарын ажырату, оларға дұрыс жауап беруін қалыптастыру	техника құралдарын қолданатынын айтып беруін ұсыну.	жүру, шектелген жазықтықтың үстімен қосалқы қадаммен, аяқтың ұшымен жүру; Еңбектеу, өрмелеу: гимнастикалық қабырғамен өрмелеу және бір гимнастикалық қабырғадан екіншісіне ауысып өрмелеу Сапқа тұру, сап түзеу, сапқа қайта тұру: бір-бірінің жанына және бір-бірінің артынан сапқа тұру <u>Қимылды ойын:</u> Алтыатар ойыны Қазақ тілі «әр түрлі ойындар» Міндеттері:Қазақ тіліне тән ә, ө, к, ү, ұ, і, ғ, н, һ дыбыстарын, осы дыбыстардан тұратын сөздерді дұрыс айтуға дағдыландыру.
--	---	--	---	--	---

			қисық және қиғаш сызықтарды дәптердің тор көзінде сызуға үйрету.		
Серуенге дайындық	Балалардың дербес қимыл белсенділігі үшін жағдай жасау, ауладағы ойын құрылғыларын дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу. Балаларды ретімен (ауа-райы жағдайына байланысты) дұрыс киінуін бақылау (Қарым-қатынас және еңбек әрекеті, ірі және ұсақ моториканы дамыту). Серуенге шықанда қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды пысықтау.				
Серуен	Бақылау. Міндеттері: Ауа райын бақылау. Айналырғыштарды алып шығып желдің бағытын анықтау. Құстарға жем беру. Іздерді бақылау. (зерттеу және танымдық іс-әрекет) Қимылды ойын «Қарлы шеңбер» Балалардың қалауы бойынша қарда сурет салу.	Спорттық жаттығулар: Шаңғымен жүру. Бірінің артынан бірі ауыспалы қадаммен алға жылжу, оң және сол аяқтарымен сырғанауды. Бір орнында тұрып оңға, солға бұрылу, айналу үйрету. Қимылды ойын «ұшты ұшты» Бақылау. Міндеттері: Қар мен мұздың айырмашылығын бақылату. (танымдық іс-әрекет)	Қар мен мұз қалай ериді? Картотека №4 (зерттеу және танымдық іс-әрекет) Көңілді музыкамен сергіту жаттығуларын жасау. (Музыка) Қимылды ойын «Қарлы шеңбер»	Өлі және тірі табиғат нысандарын табу. Олардың не үшін олай аталатынын зерттеу. (зерттеу және танымдық іс-әрекет) Қимылды ойын Балаларды жарыс элементтері бар ойындар мен эстафеталық ойындарға қатысуға баулу «Мәрейге кім бұрын жетеді?» жарыс ойынын ойату Ұнайтын тақпағын қайталап жаттату. (Қарым-қатынас іс-әрекеті) Мұзды жолдармен	Мен қандай техника немесе құрал ойлап табамын тақырыбында әңгімелесу. Құрастыру ойыншықтарынан құрастырып макетін жасату. (зерттеу іс-әрекеті) Еркін ойындар Қимылды ойын «Мысық пен тышқан» Қарда еркін тақырыпта суреттер салу. (бейнелеу іс-әрекеті)

				сырғанауға, шаңғымен жүруге, хоккей ойындарына, шанамен сырғанауға жағдай жасау.	
Серуеннен оралу	Жүйелі түрде шешіну, шкафтарға бүктеу, қолды жуу. Шешіну кезінде балалардың шкафқа колготки,сырт киімді салу дағдысын пысықтау. Балалардың достарынан көмек сұрауды сыпайы түрде білдіруді үйрету. Сабын ыдысынан сабын алуға, ересектердің көмегімен қолды сабындауға үйрету. Суреттерді қарау: "Балалар қолдарын жуады". Олар бойынша әңгіме. (көркем әрекет, дербес, еңбек әрекеті).				
Түскі ас	Түскі ас алдында гигиеналық шараларды орындау: қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу. Гигиеналық шараларды жүргізуде балалардың өзара көмегін қолдау. Өзіне-өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларын жетілдіру. Кезекшілердің жұмысы (асхана құралдарын, майлықтарды үстелге қою) Тамақтану (өз орнын білу,дұрыс отыру, асхана құралдарын дұрыс ұстай білу, ұқыпты тамақтану , тамақтану кезінде сөйлеспеу, алғыс айту) (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті) Тамақтанғаннан кейін ауызды шаю.				
Күндізгі ұйқы	Жеке гигиена ережелерін орындауда өзін-өзі бақылауды дамыту: дененің тазалығын бақылау, қол-аяғын жуу, тамақтанғаннан кейін ауызды шаю, қол орамалды пайдалану дағдыларын жетілдіру. Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағыту. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту) Балалардың тыныш ұйықтауы үшін баяу музыка қою, әлем ертегілерін оқып беру. (көркем әдебиет)				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	Өз орындарында отырып керілу, тыныстау жаттығуларын жасату. Ригалық әдіс бойынша сауықтыру. (дене жаттығулар мен белсенді қимылдар) Адам ағзасы және оның қызметінің ерекшеліктері туралы түсініктерді кеңейту. Балалардың назарын ағзасы мен денсаулығының ерекшеліктеріне аудару. Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. Қыз балалардың шаштарын тарауға, өруге үйрету. (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту) Гигиеналық шараларды жүргізудің және жеке гигиена заттарын пайдаланудың қажеттілігін түсіну. Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар).				

Бесін ас	Кезекшілердің жұмысын (асхана құралдарын, майлықтарды үстелге қою, соңынан жинау) Шамасы келетін еңбек тапсырмаларын орындауды жетілдіру. Таза және ұқыпты тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларынжетілдіру. Асты тауысып жеуге үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарқарау және тағы басқа әрекеттер)	Кітаптардан техника құралдарымен таныстыру. Жұмбақтар жасыру Арқырап бұлағы, Гүрілдеп тұрады. Сырты – жаз, іші – қыс, Кеппейді қырауы. (Тоңазытқыш) Жай да үнсіз тұрады, Біреу келсе тез жат деп, Қоңырауын ұрады, Дабыл қағып безектеп. (Телефон) Токқа тисе мұрты ұзын, Табанымен жазық Киімдердің қыртысын, Береді тез жазып. (Үтік) (Қарым-қатынас іс-әрекеті) Балалардың қалауы бойынша орталықтарға бөлініп техника	Дидактикалық ойын «Сымсыз телефон» Балаларға техника жайында мультфильм көрсету.Балалардан үй тұрмысында қандай техникалар бар екенін сұрау. Осындай техниканың бірі кір жуғыш машинаны мүсіндеудің үлгісін көрсету. Балаларды жеке жұмыс жасауға бөлу. (Шығармашылық, танымдық іс-әрекет)	Кітапқа қарап сурет мазмұны бойынша тақпақтар жаттату. (Қарым-қатынас іс-әрекеті) Балалардың қалауы бойынша орталықтарға бөлініп ермексазбен қардан ,мұздан жасалатын мүсінді жасату. Балалардың қалауы бойынша дербес әрекеттер, қию үшін қайшыны қолдану дағдысын дамыту. (Шығармашылық, бейнелеу іс-әрекеті) Лего құрастыру бөлшектері арқылы техника құралдарын құрастыру, өз бетінше ойдан құрастыруға баулу (танымдық іс-әрекеті)	Балалардың қалауы бойынша орталықтарға бөлініп дербес шығармашылық әрекет жасауға мүмкіндік беру. (бейнелеу іс-әрекеті) «Ұр топқпақ»ертегісін естеріне түсіру. Үстел үсті театры арқылы бір біріне айтып беруін ұйымдастыру. (Қарым-қатынас іс-әрекеті)	Әлеуметтік оқиғаларды, балалар өміріндегі оқиғаларды жапсыруды үйрету. (Шығармашылық, танымдық іс-әрекет) Жақын адамдарға қалай қамқорлық жасау керектігі туралы сұрау. Суреттер арқылы науқасқа күтім жасау дағдыларын қалыптастыру: оған қамқорлық жасау, шуламау, оның өтініштері мен тапсырмаларын орындау. Науқастарға жанашырлық танытуға тәрбиелеу

	құралдарының суретін салу немесе мүсінін жасату. (Шығармашылық, бейнелеу іс-әрекеті)				
Балалармен жеке жұмыс					
Серуенге дайындық	Киімдерін реттілік сақтап дұрыс киінуге үйрету. Достарына көмектесу. Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).				
Серуен	Қимылды ойын «Соқыр теке» Балалардың дербес ойындары Телефоннан көңілді музыка қойып би билеу. (музыка)	Қимылды ойын «Тақия тастамақ» Балалардың дербес ойындары Қар бетіндегі іздерді бақылау. (танымдық іс-әрекеті)	«Мен не білемін» ойыны. Бүгін не үйренгенін әр түрлі заттарды пайдаланып айтуды ұйымдастыру. Қимылды ойындар. Ұлттық қимылды ойындарды ойнату. Қимылды ойын «Күш сынаспақ»	Дидактикалық ойын «Бүгін мен үйрендім» Бақша ауласындағы ағаштарды бақылау. (танымдық, еңбек іс-әрекет) Қимылды ойын «Омпы»	Дидактикалық ойын «Бүгін мен үйрендім» Қимылды ойын «Атбақыл»
Балалардың үйге қайтуы	Ата-аналармен баланың балабақшада не үйренгенін күнделікті сұрап тұруын ескерту. Ата-аналар баланың үйдегі техника құралдарының қызметі туралы не білетінін сұрауды ұсыну. Ертегі ойындарды үйде қайталауды ұсыну.				

Білім беру ұйымы: «Алтын асық» бөбекжай бақшасы

Топ: ортаңғы «Балдәурен» тобы

Балалардың жасы: 3 жастан

Жоспардың құрылу кезеңі: 05.02- 09.02.2024ж.

Күн тәртібінің кезеңдері	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау	Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен келуіне жағдай жасау. Балаларға тәрбиешінің толық аты - жөнін атап сәлемдесуді пысықтау. Баладан қандай көңіл күймен келгенін сұрап, баланы жеке пікірін білдіруге тарту (сөйлеуді дамыту) .				
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен, кеңес, әңгімелесу	Балалардың көңіл күйі, денсаулығы жайында ата-анамен әңгімелесу.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс- әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	"Комплимент" сәлемдесу Мақсаты: өзіне деген сенімділікті арттыруға ықпал ету. Балалар допты шеңберге өткізіп, бір – біріне мақтау айтады-бұл адамға айтқысы келетін жағымды, жылы сөздер. (қоршаған ортамен танысу) Балалармен жеке жұмыс. Құрастыру материалдарымен, табиғи заттармен құрастыру ойындарын ойнату. (танымдық іс әрекет)	Топта балалар арасында достық қарым-қатынасты тәрбиелеу. Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру, үстел үсті ойындары, логикалық ойындар. Қазақстанның карталарын қарау. (жануарлар құстар, өсімдіктері бар) (танымдық іс әрекет)	Жеке ойындар (пазлдар, роботехника құралдары, шашка, бестемше). Өнер орталығында сурет салу, суретті кітапшаларды бояуда түстерді өз қалауы бойынша таңдауын дамыту (танымдық, бейнелеу іс-әрекеті) Үйде отбасы мүшелеріне қамқорлық жасау, үлкендерді сыйлау, кішіге ізет көрсетуді суреттер арқылы үйрету (Қарым-қатынас іс-әрекеті)	Кітаптарды қарау, балалардың назарын кітаптың безендірілуіне, иллюстрацияларына аудару. (көркем әдебиет) Өсімдіктерге қажеттіліктеріне сәйкес күтім жасау әдістерін білуді үйрету: оларды суару, түбін қопсыту, жапырақтың шаңын сүрту. Балалармен жеке жұмыс.	Құрастыру материалдарымен, табиғи заттармен құрастыру ойындарын ойнату. Өнер орталығында сурет салу, суретті кітапшаларды бояуда түстерді өз қалауы бойынша таңдауын дамыту (бейнелеу іс-әрекеті)

			әрекеті)		
Таңертенгі жаттығу	Ақпан айына арналған таңертеңгі жаттығуларды орындау (Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті). Музыкалық-ырғақтық қимылдар. Түзу бағытта адымдап жүру. Жұбымен шеңбер бойымен жүруді үйрету.				
Таңғы ас	Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті) Өз орнына отыру. Таза және ұқыпты тамақтануды, қасықты дұрыс ұстауды, тамақтанған кезінде ауызын жауып отырып, асықпай әбден шайнауды үйрету. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту, ас қайыру.				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Шаттық шеңбер Бәріміз енді тұрайық, Үлкен шеңбер құрайық Жақсы – жақсы сөздерді, Құрметтеп біз сыйлайық! Табиғат біздің анамыз, Табиғатқа баламыз. Иіліп сәлем береміз, Біз әдепті баламыз. Жақсы балалар бүгінгі күнімізді мейіріммен, қуанышпен бастайық. Балалар қазір жылдың қандай мезгілі? Бұл мезгілде қандай айлар бар? Жылда неше мезгіл бар? Қыстың айларын атаңдар? Қыстың ерекшеліктерін еске түсірейік? Алда келе жатқан қандай мезгіл? тақырыбында балалармен жеке әңгімелер жүргізу. Бірлескен жоспарларды, мәселелерді талқылау, қызығушылықтары бойынша әрекет түрін таңдау, ережелер туралы келісу және т. б. (сөйлеуді дамыту)				
Мектепке дейінгі ұйымның кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекеттер	Сөйлеуді дамыту Суреттер мен ойыншықтарды сәйкестендіру. Міндеттері: Түбірлес сөздерді жасау және	Көркем әдебиет «Мақал-мәтелдер» Міндеттері:Сөйлеген де мақал-мәтелдерді қолдануға баулу «Туған жердей жер	Сауат ашу негіздері «Ауа райы» Міндеттері:Терезеге қарап ауа райына байланысты әңгімелесу.	Сөйлеуді дамыту «Сиқырлы сандық» Міндеттері:Сиқырлы сандықты ашып ішінен әр түрлі заттарды алып	Көркем әдебиет «Бүгінгі күннің ерекшелігі неде?» Міндеттері:Бүгінгі күннің ерекшелігі неде? Балалардың жеке

	қолдана білу, етістіктерді жалғаулармен қолдануды үйрету. Дене шынықтыру <u>Жалпы дамытушы жаттығулар.</u> <u>Негізгі қимылдар:</u> Жүру: сапта бір-бірден, екеуден, үшеуден жүру; Тепе-теңдікті сақтау: әр қадам сайын допты алдынан немесе артынан қолдан-қолға ауыстыра отырып, кедір-бұдыр тақтай, гимнастикалық скамейка бойымен жүру; Секіру: бір аяқпен және қос аяқпен құрсаудан құрсауға секіру (арақашықтықтығы 40 сантиметр) Сапқа тұру, сап түзеу, сапқа қайта тұру: бір-бірінің артынан сапқа тұру, орнында айналу, оңға, солға бұрылу <u>Қимылды ойын:</u> Атбақыл	болмас туған елдей ел болмас». Тиым сөздер «Желге қарап түкірме» «Бейуақтта жылама» «Оттан аттама» Музыка Сауат ашу негіздері Әңгіме оқып беру. Міндеттері:Сөйлемдегі сөздердің ретін, санын анықтауды дамыту. Өртүрлі бағыттағы тігінен,көлденең, қысқа, ұзын сызықтарды жазуға мүмкіндік беру. Сурет салу Мүсіндеу Жапсыру,құрастыру «Ұлттық ою өрнектер» Міндеттері:Балаларға ұлттық ою өрнектер бейнеленген заттарды көрсету. Балалардың қалауы бойынша	Сөйлемдегі сөздердің ретін, санын анықтауды дамыту. Өртүрлі бағыттағы тігінен,көлденең, қысқа, ұзын сызықтарды жазуға мүмкіндік беру. Дене шынықтыру <u>Жалпы дамытушы жаттығулар.</u> <u>Негізгі қимылдар:</u> Жүру: сапта бір-бірден, екеуден, үшеуден жүру; Тепе-теңдікті сақтау: әр қадам сайын допты алдынан немесе артынан қолдан-қолға ауыстыра отырып, кедір-бұдыр тақтай, гимнастикалық скамейка бойымен жүру; Секіру: алға айналдыра отырып, ұзын және қысқа секіргіштен секіру Сапқа тұру, сап түзеу, сапқа қайта тұру: бір-бірінің артынан сапқа тұру, орнында айналу, оңға, солға бұрылу	балаларға таратып беру. Балалардан не зат екенін сұрау. Сөйлеу әдебін, жай және жайылма сөйлемдерді қолдану дағдыларын қалыптастыру. Музыка Сауат ашу негіздері «Кім тапқыр?» Міндеттері:Балалар шеңбер жасап тұрады. Педагог ортаға бір баланы шақырып құлағына сыбырайды. Ортадағы бала естіген жануарды немесе құстың дыбысын салады. Қалған балалар қандай жануар немесе құс екенін тауып, қимылымен жүреді. Бірінші тапқан бала ойынды жалғастырады. Балалар өздерінің сүйікті ертегілері және ондағы кейіпкерлер туралы қысқаша баяндайды. Сөйлемдегі сөздердің ретін, санын	пікірлерін тыңдау. Айналасында болып жатқан оқиғаларғаөзінің көзқарасын білдіруге құлшынысын дамыту Математика негіздері «Заттар мен құбылыстар» Міндеттері:Заттар мен құбылыстардың математикалық мәнін тануға қызығушылық пен эмоционалды көзқарасты қалыптастыруға баулу. Қағаз парағын бағдарлай білуді бекіту. Тік және көлбеу таяқшаларды дәптердің тор көзінде сызуға үйрету. Дене шынықтыру <u>Жалпы дамытушы жаттығулар.</u> <u>Негізгі қимылдар:</u> Жүру: сапта бір-бірден, екеуден, үшеуден жүру; Тепе-теңдікті сақтау: әр қадам сайын допты алдынан немесе артынан қолдан-қолға ауыстыра отырып, кедір-бұдыр тақтай, гимнастикалық скамейка бойымен жүру;
--	--	---	---	--	---

	Математика негіздері «Қыс бейнесі» Міндеттері:Қағаз парағын бағдарлай білуді бекіту.Балаларға қыс бейнесі бар суретті беру, ағаштарды, тауларды қағаздың әр бөлігіне қою арқылы кеңістікте бағдарлау дағдыларын жетілдіру. Тік және көлбеу таяқшаларды дәптердің тор көзінде сызуға үйрету. Қоршаған ортамен таныстыру «Тірі және өлі табиғат» Міндеттері:Тірі және өлі табиғаттың, Қазақстанның әсем табиғаты, көрнекі жерлері мен тарихи орындарының, мәдени мұрасының маңыздылығын	орталықтарға бөлініп жұмыс жасату. Ою-өрнектермен қазақтың ұлттық киімдерін (орамал, шапан, қамзол) салуды,оларды пішіндердің ортасында және шеттерінде орналастыруды үйрету. Қазақ халқының тұрмыстық заттарын (керует, үстел, ертұрман, ошақ, кебеже, диірмен), туған өлкедегі мәдени мұра ескерткіштерімен таныстыру, аталған заттардан қалауы бойынша мүсіндеуге мүмкіндік беру Қазақ халқының тұрмыстық заттарымен (кілем, алаша, сырмақ, ши, көрпе,жастық) таныстыру, аталған заттардан қалауы бойынша қиып жапсыру, оларды ою-өрнектермен	<u>Қимылды ойын:</u> Ханталапай Қазақ тілі «Мені қоршаған әлем» Міндеттері:Балалардың қоршаған ортаға өзінің қарым-қатынасын білдіруге үйрету. Жаңа сөздермен таныстыру. Сөйлем құрауға үйрету. Математика негіздері «Заттар мен құбылыстар» Міндеттері:Заттар мен құбылыстардың математикалық мәнін тануға қызығушылық пен эмоционалды көзқарасты қалыптастыруға баулу. Суретті карточкалармен жұмыс жасату тік және көлбеу таяқшаларды дәптердің тор көзінде сызуға үйрету.	анықтауды дамыту. Әртүрлі бағыттағы тігінен,көлденең, қысқа, ұзын сызықтарды жазуға мүмкіндік беру. Қоршаған ортамен таныстыру «табиғат» Міндеттері:Адамның табиғаттың бір бөлігі екенін және оны қорғау, сақтау керек екенін, күн мен ауаның адам, жануарлар мен өсімдіктер өміріндегі маңызы туралы, табиғатпен қарым-қатынас барысында денсаулықты нығайтуды, табиғатты сақтауда жауапкершілікті сезінебілуін қалыптастыру.	Еңбектеу, өрмелеу: допты басымен итеріп, төрттағандап еңбектеу (арақашықтығы 3-4 метр); Сапқа тұру, сап түзеу, сапқа қайта тұру: бір-бірінің артынан сапқа тұру, орнында айналу, оңға, солға бұрылу <u>Қимылды ойын:</u> Хан алшы <u>Спорттық жаттығулар:</u> Шаңғымен жүру. Бірінің артынан бірі ауыспалы қадаммен алға жылжу, оңжәне сол аяқтарымен сырғанауды. Бір орнында тұрып оңға, солға бұрылу, айналуды үйрету. Қазақ тілі «Мақал-мәтел» Міндеттері:Ауызекі сөйлеуде мақал-мәтелдерді қолдануына қолдау көрсету, ынталандыру. Балалардың білетін мақал мәтелдерін естеріне түсіріп қайталану.
--	---	---	--	---	--

	түсінуін дамыту. Үлкен суретті кітаптарды қарату.	безендіруіне мүмкіндік беру.			
Серуенге дайындық	Балалардың дербес қимыл белсенділігі үшін жағдай жасау, ойын құрал-жабдықтады дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу. Балалардың ретімен киінуін, ауа-райы жағдайына байланысты жылы киінуін бақылау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинауды қалыптастыру (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).				
Серуен	Өлі табиғат заттарын адамның қолымен жасалған заттардан ажырата білуді пысықтау (танымдық іс әрекеті) Күрекшелермен қар тазалау. (еңбек іс-әрекеті) Аулада көрген заттарын қарда таяқпен салу. (бейнелеу іс-әрекеті) Еркін ойындар Қимылды ойын «Әуе таяқ»	Балабақшаның ұлттық бұрышына бару. Қазақ халқының табиғи материалдардан жасалған ыдыстарымен таныстыру, олардың қандай материалдан жасалғанын зерттеуді жетілдіру. (танымдық, зерттеу іс-әрекеті) Қардан киіз үй құрастыру (Зерттеу іс әрекеті) Еркін ойындар Қимылды ойын «Қара құлақ» Спорттық жаттығулар: Шаңғымен жүру.	Бақылау. Мақсаты:Балабақша ауласындағы еңбек иелерінің жұмысын бақылау. Бірлесе жұмыс жасату. (зерттеу, танымдық, еңбек іс-әрекеті) Тиым сөздерді мақалдарды естеріне түсіру. (Қарым-қатынас іс-әрекеті) Еркін ойындар Қимылды ойын «Көтермек» Көңілді әуенге би белеу, ән тыңдау. (музыка)	Қырау қалай пайда болады? Зерттеу жұмысын қайталау. Картотека №3 (Қарым-қатынас, танымдық іс-әрекеті) Қарды жануарлардың формаларына салып жасату. Бояумен бояу (Бейнелеу, шығармашылық іс-әрекеті) Еркін ойындар Қимылды ойын «Күш сынаспақ»	Аққала жасату. Аққалаларды салыстыру. Оларды сәндеу. (танымдық іс-әрекеті) Қимылды ойын «Аударыспақ»

		Бірінің артынан бірі ауыспалы кадаммен алға жылжу, оң және сол аяқтарымен сырғанауды. Бір орнында тұрып оңға, солға бұрылу, айнаруды үйрету.			
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау (көркем әрекет, дербес ойын әрекеті).				
Түскі ас	Түскі ас алдында гигиеналық шараларды орындау : қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу Кезекшілердің жұмысы (асхана құралдарын, майлықтарды үстелге қою) Тамақтану (өз орнын білу, дұрыс отыру, асхана құралдарын дұрыс ұстай білу, ұқыпты тамақтану , сөйлеспеу, алғыс айту) (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті) Тамақтан соң ас қайыру, бата беру.				
Күндізгі ұйқы	Тамақтан соң ауыздарын сумен шаюды қалыптастыру. Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағыту. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту) Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. Электронды құрылғыдан ертегі тыңдату. (көркем әдебиет)				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	Өз орындарында отырып керілу, тыныстау жаттығуларын жасату. Ригалық әдіс бойынша сауықтыру. (дене жаттығулар мен белсенділігі) Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. Қыз балалардың шаштарын тарауға, өруге және жинауға үйрету. (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту) Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар).				
Бесін ас	Кезекшілердің жұмысы (асхана құралдарын, майлықтарды үстелге қою, соңынан жинау) Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәденетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)				

Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Кітаптарды қарау, «Қу түлкі» ертегісін оқып беру. Рөлдерге бөліп ойнату. ((Қарым-қатынас танымдық іс-әрекет) Балалардың қалауы бойынша орталықтарға бөлініп түлкі мен жолбарыстың мүсінін жасату. Қағаздан қиып жапсыру. (Шығармашылық іс-әрекет) Өсімдіктерге қажеттіліктеріне сәйкес күтім жасау әдістерін білуді дамыту: оларды суару, түбін копсыту, жапырақтың шаңын сүрту. (еңбек әрекеті)	Тәтті қыс Ау, балалар, балалар! Айналаға қараңдар! Биыл тәтті қыс болды, Бұл бір сәтті іс болды. Ақ бұлт бүркеп аспанды, Шекер жауа бастады. Сүтке салсақ, сәл мұздап, Болды қардан балмұздақ. Қамсыз қалмай бекерге, Қарық болып шекерге, Балмұздақты жинаңдар, Достарыңды сыйлаңдар! Көлдің беті – мармелад, Әкел жинап, арбалап... Ақ қанттай жарқырап, Арайланған атырап. Көкжиектен күлімдеп, «Тыныш болсын күнің!» – деп Күн қарап тұр анаша: Бұл қыс қандай тамаша! Ә. Табылды Тақпақты жаттау. Бір біріне айтып беру. Құрастыру	«Қысқы табиғат» тақырыбында ұжымдық жұмыс (Шығармашылық іс-әрекет) Кітаптарды қарау. тәтті қыс тақпағын жаттауды қайталау. (Қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет)	Жануарларды әртүрлі белгілері бойынша: құстар, балықтар, жануарлар, аңдар, жәндіктер, мекендеу орны (орман, шалғын, су айдыны, бақша, бақ, алаң); қозғалу тәсілі (жүгіру, ұшу, секіру, жүзу); табиғи-климаттық аймақтар (ақ аю, итбалық, пингвин, жираф, піл, маймыл) бойынша топтастыруды жетілдіру. (Танымдық, зерттеу іс әрекет) Еркін шығармашылықпен айналысуына мүмкіндік беру.	Балаларды орталықтарға бөліп, аққаланың бейнесін салу, мүсінін жасау немесе қағаздан қиып жапсыруына мүмкіндік беру. (Шығармашылық іс-әрекет) Көңілді әуенге би белеу, ән тыңдау. (музыка)
---	---	---	---	---	--

		ойыншықтарымен дербес іс әрекеттер. (Қарым-қатынас және танымдық іс-әрекет)			
Балалармен жеке жұмыс					
Серуенге дайындық	Киімдерін реттілік сақтап дұрыс киінуге үйрету. Достарына көмектесу. Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).				
Серуен	Бақша ауласындағы қарды күрекшелермен жинату. (еңбек іс-әрекеті) Қимылды ойын «Тымпи» Балалардың еркін ойыны	Қимылды ойын «Шалма» Балалардың еркін ойыны Көңілді әуенге би белеу, ән тыңдау. (музыка)	Қимылды ойын «Жаңылма» Балалардың еркін ойыны	Қимылды ойын «Сақ құлақ» Балалардың еркін ойыны Спорттық жаттығулар: Шанамен сырғанау. Бір-бірін шанамен сырғанату, төбешіктен бір-бірлеп және екі-	Қимылды ойын «Жүйріктер жеңеді» Балалардың еркін ойыны

				екіден шанамен сырғанауды меңгерту.	
Балалардың үйге қайтуы	Үйде ертегі кітаптарының суретіне қарап, ертегі айтып беруін өтіну, ұсыну. Апта бойы алған әсерлерімен бөлісу, жасалған жұмыстар жайлы балалармен әңгімелесуге кеңес беру				

Білім беру ұйымы: «Алтын асық» бөбекжай бақшасы

Топ: ортаңғы «Балдәурен» тобы

Балалардың жасы: 3 жастан

Жоспардың құрылу кезеңі: 12.02- 16.02.2024ж

Күн тәртібінің кезеңдері	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау	Көңілді музыка қойып, көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу. Баладан қандай көңіл күймен келгенін сұрап, сәлемдесуді пысықтау, ауа райы туралы баланың жеке пікірін білу. (сөйлеуді дамыту).				
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен, кеңес, әңгімелесу	Балалардың көңіл күйі, денсаулығы жайында ата-анамен әңгімелесу. Ата аналарды толғандыратын сұрақтарға жауап беру. Кеңестер беру.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс- әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	Топта тазалық сақтауға, ойыншықтарды сұртуге, табиғат бұрышындағы тіршілік иелеріне күтім жасауға, кезекшілік міндеттерін жауапкершілікпен атқаруға баулу Дидактикалық ойын «Айырмашылығын тап», «Қай ойыншық жоқ», «Ұқсайды-ұқсамайды» Балалармен жеке жұмыстарды ұйымдастыру (Танымдық, еңбек іс-әрекеті)	Кітаптарды қарау, ертегілер, әңгімелер айту. Балалармен жеке жұмыстарды орындау (Танымдық, қарым-қатынас іс-әрекеті)	Менің ертегі кейіпкерім, әр түрлі заттардан құрастырып ойындар ойнату. Интеллектум құрастыру материалдарымен құрастыру ойындары. Балалармен жеке жұмыстар (Танымдық, қарым-қатынас іс-әрекеті)	Өнер орталығында сурет салу, суретті кітапшаларды бояту, Дидактикалық ойын «Айырмашылығын тап», «Қай ойыншық жоқ», «Ұқсайды-ұқсамайды» Балалармен жеке жұмыстарды жүргізу (шығармашылық, танымдық іс-әрекеті)	Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру, үстел үсті ойындары. Табиғи материалдармен құрастыру, шығармашылық жұмыстар. Балалармен жеке жұмыстарды жасау (Танымдық, қарым-қатынас іс-әрекеті)

Таңертеңгі жаттығу	Ақпан айына арналған таңертеңгі жаттығуларды орындау (Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті). Таңертеңгі жаттығуды орындауға қызығушылық тудыру, дене бітімін қалыптастыру және өкшелерді нығайту.				
Таңғы ас	Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті) Өз орнын тауып отыру. Бір біріне астың дәмді болуын тілеу. Таза және ұқыпты тамақтануды, қасықты дұрыс ұстауды, тамақтанған кезінде ауызын жауып отырып, асықпай әбден шайнауды үйрету. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту, ас қайыру. (сөйлеуді дамыту)				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Шаттық шеңбері. Жүректен жүрекке жақсы тілектер бір біріне тілеу. Жаңалықтарымен бөлісу. «Қыстайтын құстар» тақырыбында әңгімелесу. Бірлескен жоспарларды, мәселелерді талқылау, қызығушылықтары бойынша әрекет түрін таңдау, ережелер туралы келісу және т. б. (сөйлеуді дамыту)				
